Қазақстан Республикасы Әділет министрі
М. Бекетаев

Светлая память профессору Н.А. Шайкенову!

В этом году исполнилось бы 70 лет выдающемуся ученому – Нагашбаю Амангалеевичу Шайкенову.

Значение Н.А. Шайкенова для современного Казахстана и казахстанской юриспруденции трудно переоценить. С его непосредственным участием была принята действующая Конституция. Благодаря профессору Н.А. Шайкенову в Казахстане состоялась правовая реформа. Под его руководством написаны проекты многих законов, регулирующих важнейшие общественно-экономические отношения нашей страны. Он одним из первых среди юристов поставил вопрос о присоединении Казахстана к Декларации прав человека. Внес неоспоримый вклад в становление юридической науки, проявил блестящие способности организатора в деле подготовки юридических кадров.

Нагашбай Шайкенов уделял много времени для повышения роли юстиции как ключевого звена правового обеспечения деятельности государства. Он внес огромный вклад в создание базовых основ правового государства. Благодаря его упорству и стремлению Министерство юстиции обрело особое значение в системе госуправления.

Уделял он внимание и подготовке будущих поколений юристов, став одним из основоположников Казахского юридического университета. Несмотря на свой огромный опыт и знания, он всегда тщательно готовился к своим лекциям, таким образом, подчеркивая свой профессионализм – этому он учил и своих студентов. Но особый интерес у студентов всегда вызывали яркие и насыщенные рассказы из его богатой юридической практики.

В памяти казахстанцев Нагашбай Шайкенов остался ярким политиком, сильной личностью, умным, порядочным и мужественным человеком.

Министр юстиции Республики Казахстан
М. Бекетаев

Біртуар тұлға, заңгер ғалым, Қазақстанның құқықтық жүйесінің реформаторы, заң ғылымдарының докторы, профессор Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкеновті еске алу

Н.А. Шәйкеновтің қызметі отандық және шетелдік құқықтанушылардың, практиктердің назарынан ешқашан тыс қалмаған. Бұл мән-жай тұлға ретіндегі деңгейімен және оның қазақстандық құқық пен заңнаманы дамытуға қосқан ғылыми және заң шығармашылық қызметіне әсер еткен үлесімен байланысты.

Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкенов ғажайып заңгер және ұлы адам еді. Өз өмірінде шынында да барлық жағынан еліктеуге тұратындай үлгі бола білді.

Оның бойында адамның ең жақсы қасиеттері мен жоғары деңгейдегі кәсібилік ұштасқан еді. Нағашыбай Аманғалиұлы өз жұмысында әрқашан заңды сақтаған, өмірдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды жоғары қоя білді.

Н.А. Шәйкенов – тәуелсіз Қазақстанның құқықтық өмірінің тарихына әсер еткен адам. Тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа кезеңінде оның қатыспауын елестету мүмкін емес, оның отандық құқықтық аланда кейіннен қалдырған ізі өте зор.



Н.А. Шәйкеновтің атымен Қазақстанды құқықтық дамыту бойынша озық идеялар байланысты, ол 1994 жылдың басында Қазақстан Республикасында Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасын қабылдауға бастама жасады. Ол өзі жеке осы бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын басқарды. Бұл жай ғана бағдарлама емес, құқықтық жүйенің және заңгерлердің, тарихшылардың, саясаткерлердің, журналистердің, жазушылардың «қызықсыздығы» мен «кертартпалығын» серпілте алған негіз болды. Бұл заң шығармашылық процесі, сот жүйесі, прокуратура, адвокатура, нотариат және басқа да салалар мәселелеріне қатысты құқықтық реформаның көптеген идеяларының авторы болғандықтан емес, бұған жалпыадамзаттық құндылықтар мен идеяларды қорғауда ашықтық, адалдық, батылдық және ымырасыздық кепіл болды.

Н.А. Шәйкенов 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасын әзірлеу кезінде негізгі рөл атқарды. Нағашыбай Аманғалиұлы Конституцияның құрылымын жасады, негізгі мәтінді жазып шықты, сарапшылар шақырды. Конституцияның барлық тұжырымдамалық ережелері Қазақстан Республикасының Президентімен жеке талқыланды.

Құқықтық реформаның мақсатына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Шәйкеновке Әділет министрлігін басқаруды ұсынды. Ол министрдің лауазымы үшін емес, құқықтық реформаны іске асыру үшін келісті. Нағашыбай Аманғалиұлы: «Біреу немесе көпшілік мен үшін министр лауазымы маңызды деп ойлайтын шығар. Егер де мен оларға бұл лауазымда өзімді құрбан етіп отырмын десем, сенбейтін шығар. Негізі солай. Шынында, не үшін екенін саналы түрде түсінемін. Сондықтан құрбандығымды қасіретті деп есептемейік.»[1] - деп жазған.

Өзі жұмыс істеген екі жыл ішінде Нағашыбай Аманғалиұлы Әділет министрлігін мемлекеттік билік жүйесінде ықпалды ұйымға айналдыра білді. Әділет министрлігіне жылжымайтын мүлікті, заңды тұлғаларды тіркеу, Қазақстан аумағында

[1] *Подвижник Права: Памяти Нагашбая Шайкенова. 2 томдық. – 2-ші пысықталып, толтырылған басылым, – 2-том/ Авт.құрамы: Л.А. Шәйкенова; Мәтіндерді дайындау: И.В. Синельников. – Астана: Фолиант, 2002. – 400 б. 30 б.*

кешенді құқықтық ақпаратты жүзеге асыру бекітілді. Әділет министрлігінің маңызды функцияларының бірі заң жобалау қызметі, бүкіл норма шығармашылық процесті үйлестіру болды. Әділет органдарында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын барлық нормативтік құқықтық актілерді тіркеу шоғырландырылды.



ШәйкеновМинистрліктің жұмыс істеу стилі мен әдісін өзгертті. Талқыланатын мәселелерге ғылым өкілдері, қоғамдық ұйымдар, практик заңгерлер қатысты. Өткізілетін кеңестер, алқалар өзінің ақпараттылығымен ерекшеленді, формализмге жол берілмеді. Оның баяндамаларында құқықтық проблемаларды тереңінен түсіну емес, сонымен қатар оларды шешу бойынша жүйелі шаралар ұсынылды.

Н.А. Шәйкеновтің бастамашылығымен Заңнама институты, Құқықтық ақпарат орталығы, «Жеті жарғы» мамандандырылған заң баспасы, «Юридическая газета» және «Заң газеті» газеттері құрылды, Қазақстан әділет органдарының «Күн аясындағы таразы» деген эмблемасы жасалды, Қазақстанның әділет министрлері портреттерінің галереясы ашылды.

Н.А. Шәйкенов сол уақыттағы озық құқықтық реформаның идеялары кәсіби заң кадрлары арқылы ғана іске асырылатынын түсінді. Сондықтан мамандандырылған заң жоғары оқу орнын құру идеясы пайда болды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 14 наурыздағы жарлығымен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институты құрылды. Институттың міндеті жаңаша ойлау қабілеті бар заңгерлердің жаңа буынын тәрбиелеу болды. Осы міндетті іске асыру үшін кәсіби оқытушылық құрам тартылды, жаңа білім беру тұжырымдамасы жасалды, мықты материалдық-техникалық база құрылды.

Н.А. Шәйкенов ҚазМЗА ректорының лауазымын атқара отырып, студенттерге, оқытушыларға, тәлімгерлерге деген мейірімді көзқараспен ерекшеленді. Шәйкенов ел үшін кәсіби заң кадрларын ғана емес, елде заңдылықты орната алатын құқықтың адал қолдаушыларын тәрбиелеуге ұмтылды.

Жоғары оқу орнында татулық, достық ахуалы үнемі сезіліп отырды. ҚазМЗА-да көптеген кәсіби және интеллектуалдық топтар, театр-студия құрылды, студенттер көңілділер мен тапқырлар клубына және басқа да қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысты.

Оған оңай болған жоқ. «Құқық» және «Заң» деген санаттар тек сөздер ретінде ғана емес, солар арқылы қоғам үйлесімді дамып, өмір сүретін құбылыс ретінде қабылдаған ғалым еді. Ол өз қағидаттарын әрқашан ұстана білді. Оның бойында ерекше адам қасиеттері болды, солардың арқасында оның идеялары іске асырылды.

Н.А. Шәйкеновтің бірегейлігі – өзі өмірден өтсе де, оның Тұлғасы әлі де ықпал етуде, ол біздің есімізде. Біз оның жұмыстарына сүйенеміз, оның істерін еске аламыз, олармен өз істерін салыстырамыз. Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкеновтің жарқын бейнесі оның шәкірттерінің және онымен таныс болған барлық адамдардың жүректерінде мәңгі сақталады.

Қазіргі кезде Н.А. Шәйкеновке арналған жылсайынғы конференцияларды өткізу дәстүрге айналды. Олардың мақсаты – жай кездесу ғана емес, Н.А. Шәйкенов қолдаған идеяларды талқылау, насихаттау және іске асыру болып табылады. Ал осы идеялар азаматтық қоғамды және құқықтық мемлекетті құрудың дүниежүзілік практикасы болып табылады. Сондықтан Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкенов: «Конституция ... адам құқықтарының, мемлекеттік билікті құқықтық қамтамасыз етудің, жоғары сот төрелігін бекітудің маңызды идеяларын толық әрі жүйелі түрде іске асыруға тиіс.»[2] - деп жазған.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің орынбасары
З. Баймолдина

[2] *Подвижник Права: Памяти Нагашбая Шайкенова. 2 томдық. – 2-ші пысықталып, толтырылған басылым, – 2-том/ Авт.құрамы: Л.А. Шәйкенова; Мәтіндерді дайындау: И.В. Синельников. – Астана: Фолиант, 2002. – 400 б. – 280 б.*

Памяти выдающейся личности, ученого-юриста, реформатора правовой системы Казахстана, доктора юридических наук, профессора Нагашбай Амангалеевича Шайкенова

Деятельность Н.А Шайкенова неизменно привлекает внимание отечественных и зарубежных правоведов, практиков. Данное обстоятельство связано как с масштабом личности, так и с тем огромным влиянием, которое оказала его научная и законотворческая деятельность на развитие казахстанского права и законодательства.

Нагашбай Амангалеевич Шайкенов был замечательным юристом и великим человеком. За свою жизнь он стал действительно образцом для подражания, своего рода эталоном во всем.

В нем удивительным образом сочетались самые лучшие человеческие качества и высокий профессионализм. Нагашбай Амангалеевич никогда не отклонялся от буквы закона в работе и от духа общечеловеческих ценностей в жизни.

Н.А. Шайкенов – это Личность, которая не просто повлияла на историю правовой жизни независимого Казахстана. Без его участия на этом этапе истории независимого Казахстана сложно представить, какие строки были бы вписаны в последующем в отечественном правовом поле.

С именем Н.А. Шайкенова связаны передовые идеи по правовому развитию Казахстана, им инициировано принятие Государственной программы правовой реформы в Республике Казахстана в начале 1994 года. Он лично возглавил рабочую группу по разработке данной программы. Это было не просто программа, а та основа, благодаря чему удалось всколыхнуть «серость» и «затхлость» как самой правовой системы, так и правосознания юристов, историков, политологов, журналистов, писателей и т.д. Это произошло не столько потому, что ему принадлежит авторство многих идей правовой реформы, касающихся вопросов законотворческого процесса, судебной системы, прокуратуры, адвокатуры, нотариата и других сфер. Залог тому – открытость, честность, смелость и бескомпромиссность в отстаивании общечеловеческих ценностей и идей.

Ведущую роль сыграл Н.А. Шайкенов при разработке проекта Конституции Республики Казахстан 1995 года. Нагашбай Амангалеевичем была составлена структура Конституции, написан основной текст, приглашены эксперты. Все концептуальные положения Конституции обсуждались лично с Президентом Республики Казахстан.

Для достижения целей правовой реформы Президент Республики Казахстан предложил Н.А. Шайкенову возглавить Министерство юстиции. И он согласился, но не ради портфеля министра, ему важно было претворить правовую реформу в жизнь. Сам Нагашбай Амангалеевич говорил: «Кто-то или даже многие полагают, что для меня важен пост министра. И вряд ли поверят, если объяснить им, что я на этом посту приношу себя в жертву. А так оно и есть. Правда, осознанно, понимая, во имя чего. И поэтому не будем считать жертву печальной?»[1].

За два года своей работы Нагашбай Амангалеевич превратил Министерство юстиции в действенную организацию в системе государственной власти. За Минюстом были закреплены полномочия по регистрации недвижимости, юридических лиц, осуществлению комплексной правовой информации на территории Казахстана. Одной из важнейших функций Министерства юстиции стала законопроектная деятельность, координация всего нормотворческого процесса. За органами юстиции была сосредоточена регистрация всех нормативных правовых актов, затрагивающих права и законные интересы граждан.

Шайкенов изменил стиль и методы работы Министерства. В обсуждаемых вопросах активно были задействованы представители науки, общественные организации, практикующие юристы. Проводимые совещания, коллегии отличались большой информативностью, отсутствием формализма. В его выступлениях прослеживалось не только глубокое понимание правовых проблем но и предлагались системные меры по их решению.

Благодаря инициативе Н.А. Шайкенова созданы Институт законодательства, Центр правовой информации, специализированное юридическое издательство «Жеті жарғы», газеты «Юридическая газета» и «Заң газеті», эмблема юстиции Казахстана «Весы на фоне солнца», открыта галерея портретов министров юстиции Казахстана.

Он понимал, что прогрессивные для того

[1] *Подвижник Права: Памяти Нагашбая Шайкенова. В 2-х т. – Изд. 2-е, перераб. и доп. – Том 2/ Авт.-сост.: Л.А. Шайкенова; Подготовка текстов: И.В. Синельников. – Астана: Фолиант, 2002. – 400 с. С.30.*



времени идеи правовой реформы могут быть реализованы только при участии профессиональных юридических кадров. И тогда появилась идея создания специализированного юридического вуза. Указом Президента Республики Казахстан от 14 марта 1994 года образован Казахский государственный юридический институт Министерства юстиции Республики Казахстан. Задачей института стало воспитание нового поколения юристов с новым мышлением. Для реализации этой задачи был привлечен сильный преподавательский состав, создана новая образовательная концепция, мощная материально-техническая база.

Находясь в должности ректора КазГЮА, Шайкенов Н.А. отличался трепетным отношением к студентам, преподавателям, наставникам. Шайкенов стремился воспитать для страны не просто профессиональные юридические кадры, а бескорыстных приверженцев права, способных поддержать в стране законность.

В вузе всегда чувствовалась атмосфера теплоты, дружественности. В КазГЮА было создана множество профессиональных и интеллектуальных кружков, театр-студия, студенты активно участвовали в КВН и других общественных мероприятиях.

Ему было непросто. Ученый, для которого категории «Право» и «Закон», являлись не просто словами, а явлениями, с которыми общество должно гармонично развиваться и жить. И он всегда был верен своим принципам. Он обладал особыми гранями человеческой личности, благодаря которым его идеи претворялись в жизнь.

Уникальность личности Н.А. Шайкенова состоит в том, что даже сейчас, спустя столько времени после его ухода из жизни, его Личность продолжает оказывать влияние, быть в наших умах и сердцах. Мы обращаемся к его работам, мы вспоминаем его поступки, мы соизмеряем свои поступки с ним. Светлая память о Нагашбае Амангалеевиче Шайкенове будет всегда в сердцах его учеников и всех людей, кому выпала честь общения с ним.

Сейчас стало хорошей традицией проведение ежегодных конференций, посвященных памяти Н.А. Шайкенова. Цель – не просто формальная встреча, а обсуждение, пропаганда и продвижения идей, которым он следовал. А идеи эти, выработанные общемировой практикой, – построение гражданского общества и правового государства. Потому-то Нагашбай Амангалеевич Шайкенов писал: «Конституция должна … полно и системно реализовать великие идеи прав человека, правового облагораживания государственной власти, утверждения высокой правосудности.».[2]

Заместитель
Министра юстиции
Республики Казахстан
З. Баймолдина

[2] *Подвижник Права: Памяти Нагашбая Шайкенова. В 2-х т. – Изд. 2-е, перераб. и доп. – Том 2/ Авт.-сост.: Л.А. Шайкенова; Подготовка текстов: И.В. Синельников. – Астана: Фолиант, 2002. – 400 с. – С. 280.*

Күншаев Бауыржан Серғалиұлы
Алматы қаласы Медеу ауандық № 2 сотының судьясы
(2016 жылғы 29 қарашадағы № 134 (2912) «Заң газеті» қоғамдық-саяси, құқықтық газетіне берген сұхбаты).

«ТЕК ҚҰҚЫҚ ҚАНА ҚАҚТЫҒЫСТЫ СҰХБАТҚА АЙНАЛДЫРУҒА ҚАБІЛЕТТІ»

Алдағы жылы заң ғылының докторы, профессор, көрнекті мемлекет қайраткері, 1995 жылы ел Конституциясы авторларының бірі, елімізде құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасын жасаушы, Парасат орденінің иегері, педагог, Ұлт көшбасшысының кеңесшісі, еліміздің Әділет министрі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Қазақ Мемлекеттік Заң университетінің ректоры қызметтерін атқарған Нағашыбай Шәйкеновтің туғанына 70 жыл толмақ. Өмірден ерте кеткен халқымыздың бір туар ұлы, дара тұлға жайлы шәкірті әрі қызметтес сырласы Бауыржан Серғалиұлымен сұхбаттасқан едік.

– Нағашыбай Аманғалиұлымен таныс-білістігіңіз қалай басталды?

– 1980 жылы Свердловск Заң институтына түстім. Нағашыбай Аманғалиұлын содан бері білемін. Ол кісі біз үшін ұстаз әрі жанашыр аға, өмірден өз жолымызды табуға септігін тигізген, әрбір ісін үлгі-өнеге еткен дара тұлға болды. Свердловск елден жырақ, ол жақта қандастарымыз аз. Содан, ондағы қазақ біткен бір-бірімізді іздеп, туған бауырлардай араластық. Тіпті біріміз үшін біріміз жанымызды беруге дайын едік десем артық айтқандығым емес. Институтта жылына екі рет, яғни, қыркүйек пен маусым айларының соңында қазақ студенттерінің жиналуы дәстурге айналған болатын. Қыркүйекте жаңадан оқуға түскендермен таныссақ, маусымда институт бітірушілерді сый-сипатымызды жасап шығарып салатынбыз. Мен осы шараны ұйымдастыратын ұйымның жетекшісі болдым.

Нағашыбай Аманғалиұлы қазақ жастарының осындай жиындарынан қалмайтын. Уақытының қауырттығына қарамастан, бар шараның басы-қасында жүріп, бізге бағыт-бағдар көрсететін. Жастармен араласқанды жақсы көретін. Біздің жігерімізді жанып, жақсы өмірге талпындыратын. «Ештеңеден қорықпаңдар, заңды білсендер құқықтарыңды қорғай аласыңдар Заңнан хабары жоқтар ғана қорқады» деп әрқайсымызды жігерлендіріп, ақыл кеңесін аямайтын. Сол тұста ол кісі Мемлекеттік құқық теориясы үйірмесін басқарды. Мен ол үйірмеге оқу бітіргенше қатыстым. Нағашыбай Аманғалиұлы тек институт аясында емес, сабақтан тыс уақыттарда да студенттердің жанынан табылатын. Свердловскіде қар қалың, демалыс күндері бірігіп шаңғы тебуге шығатынбыз. Семинар жасап, лекциялар оқыды. Біз тазалықты, білімге құмарлықты, өз ой-пікірімізді ашық айтуды-бәрін осы ұстазымыздан үйрендік.

Оқу бітірген соң әрқайсысымызды жолдамамен әр жаққа бөлді. Еңбек жолымды Қиыр Шығыста бастадым. Одан кейін Батыс, Шығыс Қазақстан облыстарында еңбек еттім. 1990 жылы Алматыға ауыстым. Бір-екі жылдан соң Қазақстанға Мемлекет басшысының кеңесшісі болып Нағашыбай Аманғалиұлы келді. Оған біз, шәкірттері, әкеміз табысқа жеткендей, ортамызға келгендей ерекше қуандық. Н. Шәйкенов жарты жылдан кейін Президент жарлығымен Әділет министрі болып тағайындалды. Қуанышымызда шек болмады. Осындағы шәкірттері барып, ағамызды қызметімен құттықтадық. Бастаған ісінің жандануына тілекші болдық.

– Сіз ұстазыңыздың қай қасиетін үлгі тұттыңыз, мінезіндегі қандай ерекшелігін атап айтар едіңіз?

– Білдей министр, үлкен адам, соның өзінде қызметі төмен не жасы кіші демей келелі мәселелерде бізбен кеңесіп, әрдайым ойымызды сұрайтын. Басты ерекшелігі де осында, адамды тыңдай біледі және қарама-қайшы пікірдің өзіне түсіністікпен қарайтын. Ол кезде біз адвокатура, прокуратура, сотта жұмыс істеп жүрдік. Министрдің кабинетінде сабақта отырғандай дискуссия жасап, қандай олқылық бар, оны қалай өзгерту, түзеу қажеттігін ортаға салатынбыз.

Жақсы не жаман болсын өзгенің пікіріне құрметпен қарау екі адамның бірінде кездеспейтін қасиет. Нағашыбай ағада осы қасиет басым еді. Біз ағаны жақын тұтып, тәлім-тәрбиесіне қанықтық. Одан кейін лекция оқуы да ерекше болатын. Өмірі қағазға қарамайтын. Бір жапырақ қағазға айтар ойын түртіп қоятын. Сонымен тоқтамай сөйлей беретін. Мықты оратор еді. Докторлығын қорғаған кезде ғалымға басы артық бір сұрақ қойылмады. Өйткені қоюға сұрақ та қалдырмады. Бәрі қолмен қойғандай түсінікті жеткізілді.

Жастар мен әріптестеріне заңгерліктің ізгілікті кәсіп екенін, сондықтан құқықтық тәртіпті орнатуда құр қызмет ету емес,



өрелі де өнелі күш жігер талап етілетінін жалықпай насихаттайтын. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі біздің басты бағытымыз құқықтық мемлекет құру болғаны белгелі. Осы мақсатты түсіндіріп ұғындыру үшін айтылған құқықтың адам өміріндегі, жалпы, қоғамдағы мән-маңызы жайлы ғалымның ұрпақтан-ұрпаққа мұра болар мынадай сөзі бар: «Құқықты бағалаңыздар және оны барынша өркендетіңіздер. Тек құқық қана қақтығысты сұхбатқа айналдыруға қабілетті. Тек құқық қана әлсізді күштімен иықтастырып, оларға теңбе-тең мүмкіндік беруге қабілетті. Тек құқық қана өлім аузындағы адамды заңды тұрғыда мәңгілік ете алады. Құқық-қоғам өркениеттілігінің өлшемі». Заңгерлердің мақсатқа жету жолындағы табанды еңбегі бізді тәнті ететін.

– ***Заңгермен қоян-қолтық қызмет еттіңіз, ол кісінің еліміздің құқықтық реформасы жолындағы күресі мен үлесі Сізге жақсы таныс болар?***

– Сол кездері Нағашыбай Аманғалиұлы тәуелсіздік алғаннан кейінгі заңдардың бәрі Кеңес өкіметенен қалған көшірме екенін жасырмай, бұл тұрғыдағы ойын батыл білдіретін. Егемен мемлекетіміздің құқықтық даму бағдарламасын жасауға жетекшілік етті. Барлық заң Конституцияға сай болуы үшін ең бірінші Ата Заңды өзгерту бастамасын көтерді. Конституцияға көп еңбек сіңіріп, 77-бапқа сот төрелігін іске асыруда соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейтіні, ондай жағдайдың заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғатыны және нақты істерде судьялардың есеп бермейтіні туралы талапты енгізді. Республикамызда ауқымды соттық реформалар жасау үшін арнайы бағдарлама жазып, Президентке берді. Елбасы оның бәрін қолдады. Бірақ оларды іске асыруда Нағашыбай Аманғалиұлының аяғынан шалғандар кездесті. Себебі, кей замандастары, оның ішінде академик, беделді ғалымдар мен заңгерлер тарапынан қарсылықтарға жолықты. Соның өзінде Мемлекет басшысының құптауымен сот саласына тың реформаларымен түрен салды. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» заңын жазып, соттың нақты міндеттерін айқындап берді. Судьяларды біліктілік емтиханынан өткізу, соттарды Президенттің тағайындауы осы кісінің идеясы. «Судья Президент жарлығымен тағайындалғанда ғана әділетті болады және мемлекетіміз еуропалық стандартқа жақындайды. Осылай болғанда ғана сотқа ешкім қысым көрсетпейді» дейтін. Ол кезде судьяны Президент тағайындауы Кеңес Одағы құрамынан бөлінген ешқандай мемлекетте жоқ еді.

Өзі тікелей бастама көтеріп, жоғары жақтағыларға қозғау сала отырып республикалық «Заң газеті» мен «Юридическая газетаны» т.б құқықтық басылымдарды өмірге әкелді. Құқықтық реформалардың терең түсіндірусіз, кең көлемді насихатсыз жалпыхалықтық сипат алмайтынын Шәйкенов жақсы түсінді. Расында, «Заң газеті» мен «Юридическая газета» басылымдары осы уақытқа дейін Қазақстан кеңістігіндегі тұңғыш құқықтық басылым ретінде тарихта қалып отыр. Және аталмыш

басылымдар елдегі заңнамаларды терең талдап, азаматтардың құқықтық сауатын көтеруде үлкен жұмыстар жүргізіп келеді.

Әділет министрлігінің эмблемасы «Қалқан мен семсер» министрдің бастамасымен «Күн аясындағы таразыға» ауыстырылды. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанынан Құқықтық ақпарат орталығы мен Заң шығару институтының ашылуына мұрындық болды.

Тәуелсіз еліміз заңдарының барлығына Н. Шәйкеновтің еңбегі сіңді. Бүгінде ол кісінің жасап кеткендерін дамытудамыз.

Бұрын тергеу саласы прокуратураның ішінде болатын. Нағашыбай Аманғалиұлы осы заңдылықты бұзды. «Тергеуші істі тергейді, көрші кабинетте отырған прокурор оны қабылдайды. Іс сотқа барғанда прокурор тағы барып, істі өткізеді. Адвокаттар мүлде төмен түсіп кетті. Бұл дұрыс емес, әділет қайда? Егер прокурор әділеттілікті көксесе, тергеу оның қол астында болмауы керек» дегенді алға тартты. Нағашыбай Аманғалиұлы тергеу органдары туралы заңды жазып, елімізде Мемлекеттік тергеу комитеттері құрылды. Бұл тұста да биліктен айырылғысы келмеген прокуратура түрлі әңгімеге жел берді. Алайда, Шәйкеновке билік емес, әділет керек болды. Әділеттің ақ жолына барын салды. Тергеудің прокуратурадан бөлінуі демократиялық мемлкеттің бір белгісі іспетті еді. Бұл өзгеріс өз кезегінде халыққа да жеңіл болды. Заңгер елдегі сот-құқықтық реформалардағы мәселелерді батыл қозғады.

Азаматтық кодекс, сол сияқты тәуелсіз мемлекеттің төл заңдарын кезек күттірмейтінің сөзімен де, ісімен де дәлелдей білді. Нарықтық экономикаға орай, заңгердің күш салуымен азаматтық заңнама жедел қабылданды. Ғалымның Қазақстанның азаматтық заңнаманы қалыптастырудағы рөлі мен қызметі айрықша. Нағашыбай Аманғалиұлы әр реформада өзін Президенттің қолдайтынына қуанып отыратын. Яғни, елімізде құқықтық жүйені реформалау сынды маңызды істі Мемлекет басшысының өзіне сеніп тапсырғанына, өзіңің адами, кәсіби қасиеттеріне сенгеніне ризашылығын жасырмайтын. Нағашыбай Шәйкенов Ресей Президенті әкімшілігінде Б. Ельцинмен бірге жұмыс істеді. Тәжірибесі мол, білікті заңгер Қазақстанды халықаралық деңгейге көтеру жолында талмай еңбек етті. Сонымен қатар, Қазақстанда өзінің игі ниетін, идеяларын түсінетін адам аз екеніне де өкініш білдіретін.

– Нағашыбай Аманғалиұлының ел игілігі жолындағы ұлы мұраттарының беделді тұлғалар тарапынан кедергілерге ұшырағаны аражік болса да халық арасында айтылып қалады, ондай жағдайды сізден де естіп отырмыз. Жалпы, Шәйкеновтей реформаторды Ел басыдан басқа тағы кімдер қолдаушы еді?

– Нағашыбай Аманғалиұлы менімен ашық сөйлесіп, пікірлесетін. Мысалы, небір тамаша идеяларын жазып Президентке жіберетін. Бірақ орта жолда сол еңбектерінің Елбасына басқа фамилиямен жететінін күйініп айтып отыратынына талай куә болдым. Жасыратыны жоқ, Президент қолдағанымен қазіргі белгілі заңгерлер көп қиындық келтірді. Бір сөзінде ағамыз: «Қазақстанда мені түсінетін екі-ақ адам бар. Оның бірі – Олжас Сүлейменов, екіншісі – Роллан Сейсенбаев», – деді. Бұл қатарға Салық Зиманов пен Майдан Сүлейменовті де қосып: «Осы кісілер ғана мені түсініп отыр, қалғандарымен жұмыс істеу қиын», – дегені бар. Ғалымның осы сөзі-ақ көп жайтты аңғартады. Ғалымның жүрегін ел ертеңі шынымен де алаңдатты. Беріле адал қызмет етті. Тым жас кетті. Әділетсіздіктерге жүрегі шыдамаған сияқты.

– Мемлекетіміздегі ең алғашқы Заң университетінің тарихы Шәйкенов есімімен тікелей байланыстырылады. Тек қана заңгерлер дайындайтын жоғары оқу орын ашу қандай қажеттіліктен туды деп ойлайсыз?

– Нағашыбай Аманғалиұлы адал әрі мықты кадрлар болмаса, жұмысымыздың бәрі далаға кеткенің, еліміздің құқықтық саласын түбегейлі түзеуде білікті, пара-сараға сатылмайтын заңгерлер керектігін үнемі айтатын. Ғалымның бастамасы негізінде Президент жарлығымен Мемлекеттік заң университеті ашылды. Және ол мықты оқу орны болды. Университке Ресейден білікті кадрларды шақырды. Свердловск заң институты секілді беделді оқу орнын жасағысы келді. Жасады да, өкінішке қарай, ол кісінің көзі кеткен соң, қолда барды ұқсата алмадық.

Свердловск заң иституты Кеңес өкіметі шеңберіндегі ең мықты оқу орны болды. Тіпті, білім жағынан Мәскеу университеті профессорлары мен оқулықтары кейін қалатын. Саратов, Харьков, Ленинград т.б. заң университеттері арасында жыл сайын олимпиада болатын. Свердловскінің студенттеріне ешқайсысы тең келмейтін. Кез келген жүлдені жұлып алып кететін. Оған түсудің өзі қиын еді. Мектепті алтын медальмен бітіргендердің ішінен ең мықтылары таңдалатын. Әскерге барып келгендер мен партия мүшелері ғана түсетін. Біз оқуға келгенде, он студенттің тоғызы коммунист болды. Яғни, жүз балының тоқсаны коммунист. Тәрбие, тәртіп, жауапкершілік керемет еді. Ұстазымның шақыруымен судьялықтан кетіп, Заң университетіне оқытушылыққа

келдім. Азаматтық іс жүргізу кодесінен сабақ бердім. Университет ашылған жылдары Нағашыбай Аманғалиұлының тапсырмасмен бірнеше рет Свердловскіге барып оқу әдістемелерін алып келдім. Танысы көп, беделі жоғары ұстаздың арқасында оқулықтарға қиындықсыз қол жеткіздік. Жәшік-жәшік етіп поездға тиеп әкелетінмін. Университетті сол кезгі деңгейге жеткізу Нағашыбай Аманғалиұлына оңайға түскен жоқ. Өмірінің соңғы сәттеріндегі күш-жігерін осы оқу орынның жандануына жұмсады.

– Қазақтың алғашқы Заң университетінің қазіргі бет-беделі жайлы не айтасыз?

– Бұл университетті алғашқы іргетасы қаланған сәттен білемін. Және қандай қиындықпен құрылғаны да көз алдымда. Қазіргі дәрежесін бұрынғымен салыстыруға мүлде келмейді. Өте төмен. Нағашыбай Шәйкеновтың кезінде университетте бір мұғалімнің пара сұрағаны жайлы әңгіме тарады. Дәленденбеген оқиға, тек сөз шықты. Соның өзінде Шәйкенов мұны төтенше жағдайға санап, бүкіл мұғалімді кабинетіне жинады. Сабақ біткен сол сәтте тоқтатылды. Артынан сөз ерген мұғалімді көпшілік алдына шығарды. Ол әйел ақша сұрамағанын да, алмағанын да айтып жылады. Н. Аманғалиұлы бізге: «Естеріңізге мықтап ұстаңыздар, ешқайсысыңызға аяушылық болмайды. Өз қолыммен жетектеп апарып қаматамын. Сіздерге не жетпейді, республикадағы ең беделді оқу орнында еңбек етесіздер. Ең жоғары жалақыны беріп отырмыз. Мемлекеттің беделін заңгерлер көтереді. Олардың тазалығы маңызды», – деді.

– Қазіргі оқу орындары парақорлық пен жемқорлықтың бірден-бір ошағы саналады, бұл пікірден арылудың мүмкіндігі ректорларға тікелей байланысты ма қалай ойлайсыз?

– Бүгінде Нағашыбай Аманғалиұлы сияқты ректор жоқ. Шам алып іздесеңіз де таппайсыз. Ректорлар жемқорлықпен күресуді тек сөз жүзінде қозғайды. Жасыратыны жоқ, әр деканның мұғалімнің өз ставкасы бар. Оны балалары жоғары оқу орындарында білім алып жатқандардың бәрі біледі. Осыдан үш ай бұрын Дариға Назарбаева С. Асфендияров атындағы медицина университетіне кездесуге келді. Сол жиында сенатор ұстаздардың пара алатындығы жайлы әңгіменің көптігін айтты. Сонда университет басшылары өздеріне шаң жуытпады. Бұған кім сенеді? Өкінішті болса да айтайық, қазіргі таңда мінсіз тап таза оқу орны жоқ. Президентіміз жемқорлықпен күресу жолында қаншама шаруа атқаруда. Шынын айту керек, ол кісіге жанымыз ашиды. Лауазымды мемлекеттік қызметтегілердің өзі сенімді ақтамауда. Ресейде білімді ақшасыз алдық. Ақшасыз судья болдық. Менің немесе басқаларымыздың қалай жұмыс істеп жатқанымыз бір-бірімізге бес саусақтай белгілі. Шәйкенов сияқты адамдар бір ғасырда бір тууы мүмкін. Таза келді, таза күйінде кетті. Бүгінде «Шәйкенов жеп қойды» дегенді бірде-бір адам айта алмайды, айтуға ауыздары да бармайды. Артында отбасы, әйелі мен ұл-қызы қалды. Көзінің тірісінде де кейіннен де үш бөлмелі үйінен басқа түгі болған жоқ. Қайтыс болғанда сегізінші қабаттағы пәтерінен шығардық. Мәселен Шәйкеновтың қолында бәрі болды. Қалағанының бәрін жасап алуына мүмкіндігі жетті. Заң университеті арқылы-ақ қыруар пайда табуына болатын еді. Алайда, ол ондай парықсыздыққа бармады. Осындай аяулы азаматтың өмірі мен еңбек жолын біз жастарға үлгі ете білуіміз керек.

– Н. Шәйкенов оқушыларының ассоциясы бар екен...

– Иә, 2014 жылы Мемлекеттік заң университетінің түлектері қауымдастық құрды. Қауымдастық ғалым ұстазды еске алу, еңбектерін насихаттау мақсатында, сондай-ақ, сот-құқықтық саласындағы реформалар жайлы шаралар, атап айтқанда дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар ұйымдастырылды. Оған академик Майдан Сүлейменов жетекшілік етті. Биыл қазан айының соңында Каспий унирверситетінде белгілі заңгерлер мен сот құқықтық саласы қызметкерлерінің қатысуымен «Сот жүйесіне ел азаматтары сенімінің қалыптасуы» тақырыбында форум өтті. «Шәйкенов оқулары» дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Нағашыбай Шәйкенов жастарға, жалпы халыққа өзін тұлғалық қасиетімен сылата білген жан. Ректорлығына қарамай, студенттердің арасында жүретін. Студенттер ол кісіні жақсы көрді. Жас мамандар осындай ұлылық пен кішіпейілдікті ұштастыра білген тұлғаны тану арқылы бойларында отансүйгіштік қасиет қалыптастыра алады. Сондықтан Нағашыбай Аманғалиұлын жас ұрпаққа терең таныту біздің парызымыз.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбат жүргізген
Түймегүл Ибашева

Идрисова Сара Башуевна,
Генеральный директор
ТОО «Юридическое агентство «Кредо»,
кандидат юридических наук, доцент

ПАМЯТИ НАГАШБАЯ АМАНГАЛИЕВИЧА ШАЙКЕНОВА

Нагашбай Амангалиевич Шайкенов – яркая и неординарная фигура в истории правовой реформы в период становления независимого Казахстана. Он оставил заметный след в истории юридического образования, как большой ученый, государственный деятель, создатель специализированного юридического вуза, созданного для подготовки юридических кадров и повышения качества юридического образования.

На посту Министра юстиции Н.А.Шайкенов координировал работу рабочей и экспертной группы по подготовке проекта Конституции 1995 года, под его руководством был принят целый блок законов, направленных на регулирование экономических отношений, принят Гражданский кодекс, названный Шайкеновым Н.А. Конституцией рыночной экономики.

90-годы - это годы становления Независимого Казахстана, перед которым стояла важнейшая задача – создание правовых основ и гарантий для существования и развития предпринимательства.

Законодательство Казахской ССР пришло в противоречие с нарождавшимися рыночными отношениями. Нужно было в срочном порядке принимать законы и подзаконные акты, которые способствовали бы самостоятельности предприятий, повышению их ответственности. Правовая реформа, вдохновителем и создателем которой был Нагашбай Амангалиевич, требовала также реформирования правоохранительных органов и т.д.

Деятельность Нагашбая Амангалиевича, как патриота и гражданина, многогранна, о чем имеются многочисленные публикации.

Я хотела бы остановиться на своих впечатлениях о Нагашбае Амангалиевиче. Впервые я увидела его, когда будучи Министром юстиции, Нагашбай Амангалиевич пришел на встречу с коллективом юридического факультета Карагандинского государственного университета. Тогда меня поразила непривычная для наших чиновников простота и задушевность, с которой он знакомил присутствующих со своим видением будущего Независимого Казахстана. Высокий профессионализм, широкий кругозор, заинтересованность в служении своему народу помогали Н.А. Шайкенову достойно решать важные государственные задачи. Нагашбай Амангалиевич сразу завладел вниманием аудитории, хотя не обладал сильным и громким голосом. Однако его умение проникновенно, доходчиво и ярко выражать свои мысли, при этом показывать свое эмоциональное отношение всегда подкупало слушателей. Из его слов можно было увидеть, что эти мысли его волнуют, перспективы и решение рассматриваемых проблем ему близки. И это все не оставляло аудиторию равнодушной, все попадали под его обаяние, верили его словам.

Второй раз я встретилась с Нагашбаем Амангалиевичем в 1998 году, когда был открыт Карагандинский филиал КазГЮУ. Он был сторонником повышения качества юридического образования, создания специализированного юридического вуза. Создавая Карагандинский филиал университета, Нагашбай Амангалиевич хотел, чтобы это была альтернатива КарГУ. Карагандинский филиал был создан 22 июня 1998 года, когда полным ходом работала приемная комиссия, тестирование для проверки знаний абитуриентов проводилось в КарГУ. Обладатели «Алтын белгі», другие абитуриенты с боем забирали после тестирования свои документы, так как хотели учиться в «Шайкеновском» университете. Имя Нагашбая Амангалиевича было на устах абитуриентов, они верили, что лучшее образование получат именно там. Поэтому стояла важнейшая и ответственная задача - оправдать доверие студентов, не подвести ректора. Я проводила отбор среди преподавателей КарГУ, кого можно было привлечь для проведения занятий.

Лекционные и семинарские занятия проводили Умуркулов М.К., Ахметова Н.С., Ахпанов А.Н., Ким К.В., Батурин В.С. и др. Мы на местах, в регионах, стремились реализовать планы и задумки Нагашбая Амангалиевича. Н.А. Шайкенов придумал и реализовал идею ежегодного проведения конкурса «Выборы Фемиды КазГЮУ», которая обладала правами в студенческом самоуправлении. Данный конкурс был событием в городе Алматы, на которое стремились попасть многие. На нем ректор сам задавал вопросы, на которые отвечали кандидаты в «Фемиды».

Его идеи о введении профессорских мантий, чтение профессорами «актовых лекций», создание и поддержка КВН - это только небольшая часть его планов.

Детище Нагашбая Амангалиевича - Казахский государственный юридический институт - был образцовым университетом для подготовки юристов. Студенты гордились своим университетом, своим ректором. Помню, Нагашбай Амангалиевич шел с членами зарубежной делегации, и к нему обратился студент со своим вопросом. Так Нагашбай Амангалиевич остановился и переговорил со студентом, ответил на его вопросы. Он обожал студентов, а они гордились своим ректором. Шайкенов долгие годы жил в России, поэтому у него был сложившийся российский менталитет, на который значительное влияние оказал выдающийся учитель Сергей Сергеевич Алексеев. Однако он был истинным патриотом своего народа.

Экстремальная ситуация, сложившаяся вследствие хронического заболевания, неизбежно определяла линию его поведения - проживать каждый день жизни как последний. Судьба подарила ему возможность самореализоваться, стать исторической фигурой в юриспруденции, которую он с честью выполнил.

Вся любовь и боль утраты выражены в студенческих стихах, которые были написаны в день похорон Нагашбая Амангалиевича, также опубликованы в журнале «Перо Фемиды». В этих стихах они клялись продолжить дело своего ректора и учителя: «Нагашбай-аға, мы Ваши руки, Ваши мысли. И то, что не успели Вы, то станет делом нашей жизни».

Память о Н.А. Шайкенове живет в сердцах студентов и коллег. Жизнь бывает порой несправедлива, когда уходят лучшие, яркие личности. Н.А. Шайкенов - выдающийся казахстанский юрист, ученый, мыслитель, который оставил свой яркий след в истории Казахстана.

Мәуленов Думан Болатұлы,
Тараз қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы, заң ғылымдарының кандидаты

Н.А. ШӘЙКЕНОВ ЖӘНЕ СОТ РЕФОРМАСЫ

Тәуелсіздіктің арқасында әлемдік қуымдстықтың белді бір мүшесі болған еліміздің іргесін бекітуде орасан зор еңбек сіңірген мемлекет қайраткері, ұлттық деңгейдегі тұлға, үлкен заңгер Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкенов еді. Ол мемлекеттің заңдық тұғырын қалыптастыруға, Конституция мен конституциялық заңдарды әлемдік стандарттарға, құқықтық, демократиялық қағидаларға сәйкес түзуге, сол арқылы ілгерішіл, әділ қоғам орнату мақсатына ұмтылған мемлекет құруға бойындағы бар күш-жігерін, білім мен тәжірибесін сарқа жұмсады.

«Заңды заңшығарушы қабылдайды. Құқықты қалыптастыру – сот еншісінде» деп жазады Н.А. Шәйкенов («Законы издает законодатель. Право творит суд»). Ол құқықтық реформаның ядросы сот жүйесін толық қайта құру деп білді. Өйткені бұрынғы сот жүйесі жаңа жағдайға, яғни нарықтық қатынастарға көшкен кезде мүлдем жарамсыз болып қалатынын жазды. Оның ойынша, сот реформасының проблемасы қызметтік немесе жеке тірлік, жалақы яки зейнетке шығу проблемасы емес, ол ел тағдырына қатысты күрделі мәселе. Сот жүйесін реформалау үшін тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жүйенің кемшіліктерін толық ашып көрсету керек болды. Бұл кемшіліктерге заңгер-ғалымның айтуы бойынша сот корпусын біржақты таңдау, кеңесік жүйедегі жалған сайлау, төменгі соттың жоғары сотқа тәуелділігі, төменгі және жоғары соттарға қаржы бөлу және жүктеме бөлудегі сәйкесіздік, қатардағы судьяларға сенімсіздік және халық заседательдері үшін бөлінетін бюджет қаржысының тиімсіздігі, арбитраждың шын мәнінде басқарушыға айналып кетуі т.б. жатады. Жауапсыздыққа әкеп соғатын міне осындай кемшіліктерді Н.А. Шәйкенов атап көрсетіп еді.

Кеңес заманындағы әділсот деп аталған жүйе саяси биліктің тікелей ықпалында болғаны дау тудырмайды. Яғни саясиланған сот жүйесі жаңа жағдайда түбегейлі өзгеруі тиіс.Судьялар үшін біліктілік емтиханы енгізілді, ол заңдар арқылы бекітілді. Сол кезде Нағашыбай Аманғалиұлының идеясына қарсы шығушылар аз болған жоқ. Ал қазір әдеттегі, қажетті іске айналды. Яғни, Шәйкеновтың бұл идеясы да өміршең болғанын көрсетеді.

Тіпті бұл кісі ойлары мен ұсыныстарында сот атрибуттарын және процедураларын енгізу мәселеріне де көңіл бөлді. Мұның өзі сот билігінің маңыздылығын арттыра түсетін еді. Ал соттың кеңес заманындағы жағдайына келсек, бұл жүйе прокуратура мен милицияның деңгейінен әлдеқайда

төмен көрінетін. Мемлекет басшылары және қоғамымыз бақылаушы органдарды – әскери киім киген прокурор мен милиция қызметкерлерін көбірек бағалайтын. Ал сот мәжілістерінен үстіне не болса соны киіп баратын судьяларды байқамайтын да. Яғни, Н.А. Шәйкенов идеясы түбеегйлі өзгерген жағдайға толық сәйкес келетін еді. Кезінде бұған да қарсы шыққандар аз болған жоқ. Құдайға шүкір, қазір мантия киген судьялар ел-жұрт түсінігінде әділсот ретінде қабылданып отыр.

Сонымен қатар Н.А. Шәйкенов сот саласын түбегейлі қайта құру жолдарын нақты көрсете отырып Конституциялық сот мәселесіне де көңіл аударды. Ол Конституциялық соттың не үшін керектігін, қандай мәселелермен айналысатынын, құқықтық мемлекеттегі алатын орнын толық айқындап берді деуге болады. Рас, бұл күндері елімізде Конституциялық Кеңес жұмыс істеп жатыр. Алдағы уақытта заңгер-реформатордың Конституциялық сот жөніндегі идеялары мен тұжырымдарына қайта оралуымыз әбден мүмкін. Бұл болашақтың еншісінде.

Н. Шәйкеновтың бұдан басқа да ойлары мен бастамалары аз болған жоқ. Олардың көпшілігі сол тұста қызу пікір-талас тақырыбына айналды, түрлі қарсылықтарға тап болды. Өйткені, қатып – семген жүйені серпілту, жаңа жағдайға бейімдеу, жаңалықты қабылдау оңай емес еді. Бірте-бірте өмірге енген ғалым- реформатордың ұсыныстары мен бастамалары өте көп. Олардың қай-қайсысын болмасын әлі де қайта қарау, зерделеу күн тәртібінде тұр. Мысалы, ең төменге судьяға дейінгі лауазымдарды Президент Жарлығымен тағайындау жайын да алғаш көтерген осы кісі болатын. Бұл күнде сол идея өмірімізге берік орнығып, қалыпты қажетті жағдайға айналды. Сөйтіп жұртшылықтың сот беделін мойындауының, ал судьялардың өз жауапкершілігін сезінуінің нақты бір көрсеткіші ретінде қалыптасты.

Тағы бір сөзінде соттарды және судьяларды мамандандыру қажеттігін айтқан болатын. Н.А. Шәйкеновтің жүзеген асқан идеясының бірі осы. Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдары судья әмбебеп болуы керек деген ой, берік ұстаным бар болатын. Бұл идея қазір барынша түсінікті, алайда, ол кезде ақылға қонымсыз болып көрініп, біршама қарсылық туғызған. Міне бұл мысал да Н.А. Шәйкенов ойлары алысқа қанат қаққанын көрсетсе керек.

Конституцияның жобасына ол кісі әділсоттың жаңа конструкциясын енгізген еді, онда прокуратура әділ сотқа үстемдік жасайтын емес, оған көмектесетін элемент ретінде ғана қарастырылды. Бұл ойы уақыт талабына сай еді.

Жалпы біз Шәйкеновтың шын мәнінде мемлекетшіл қайраткер, реформатор, ұстаз-ғалым болғанын білеміз. Оның қызметі Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына дөп келді және өзгерістерді, серпілістерді қажет еткен қоғамның, жаңаруды күткен құқықтық жүйенің бастауында лайықты тұлға ретінде көрінді. Шын мәнінде ол жаңарған қоғамның, тәуелсіздік алған елдің бүкіл саяси-құқықтық жүйесін әлемдік тәжірибеге, демократиялық заңдылықтарға сай қалыптаған іскер қайраткер болып шықты. Ең маңызды құқықтық реформалардың авторы атанды.

Оның атқарған қызметі ауқымды, сан-саналы. Ал біз бұл шағын мақаламызда құқықтық реформаның басты нысанасы ретінде сот жүйесін өзгерту жөніндегі атқарған істеріне аз кем шолу жасадық.



Такишева Гульшат,
Алматы қаласының нотариусы,
Шәйкенов шәкірттері Ассоциациясының мүшесі

Дауылбаев Диас,
заңгер,
Шәйкенов шәкірттері Ассоциациясының мүшесі

БОЛМЫСЫНАН ҰСТАЗ

Осы жылдың наурыз айында кемеңгер ғалым, заң ғылымының докторы, профессор, тәуелсіз мемлекетіміздің аяққа тұруы мен дамуына айтарлықтай өз үлесін қосқан мемлекеттік және саяси көрнекті қайраткер Шәйкенов Нағашбай Аманғалиұлы 70 жасқа толар еді.

Н.А. Шәйкенов мемлекетіміздің құқықтық жүйесін қайта құруға алғашқылардың бірі болып атсалысып, бір орында тұрып қалған қоғамдық қарым-қатынасқа жаңа өмір қарқынын енгізіп, түбегейлі өзгеріс механизімін іске қоса алды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті, заң ғылымының докторы, профессор Сүлейменов Майдан Күнтуарұлы Н.А. Шәйкенов туралы *«Қазақстанның қоғамдық өмірінде Нағашбай Шәйкенов өз жарығымен қараңғы бұрыштарға шуағын шашып, өз ыстығымен менменшілдік, өркөкіректік және өзімшілдік монументін ерітіп аққан жарық жұлдыз секілді өте шықты.*

Ол өмір сүрген жоқ – ол жанды. Ол бұл өмірде оған өте аз уақыт берілгенін сезініп білді. Сол себептен ол Қазақстанға және осында өмір сүруші кісілерге қажетті де пайдалы іс жасап кетуге асықты» – деп еске алады.

Шынында да Нағашбай Аманғалиұлы Шәйкенов көп нәрсе жасап үлгерді және бізге, заңгер-құқықтанушылардың жас ұрпақтарына өте бай сарқылмас мұрасын қалдырды. Ол 30 ғылыми жұмыстың авторы, бірнеше маңызды заңнамалық актілердің әзірлеушісі болып табылады. Н.А. Шәйкеновтің ғылыми зерттеулері теоретикалық анализінің тереңдігімен, жанжақтылығымен, уақыт рухына сай болғандығымен ерекшеленеді. Ол қоғамдық өмірдегі заң саласының өзекті және күрделі мәселелерін нақты біліп, туындаған мәселені шешудің шынайы жолдарын табуға тырысты. «Адам құқығы», «Жеке бастылық қызығушылық», «Құқық





пен заңның шығырауы» секілді категориялар оның ғылыми еңбектерінің және кәсіби қызметінің өзегінде «Қызыл жолақ» болып өтті. Сондықтан да болар Н.А. Шәйкенов көтерген маңызды сұрақтар қазіргі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан емес.

Оның әрбір ғылыми жұмысын оқыған сайын, біз, заңгерлер өзіміз үшін қоғамның алдында тұрған заңнамалық міндеттерді шешудің белгілі бір алгоритмін пайдалана аламыз.

Оның еңбектерінде жарық көрген көптеген құқықтық идеялар әлі күнге дайін өз шешімін таппай, жүзеге асырылмай аяқсыз қалғандықтан біз, Қазақ мемлекеттік заң институтының (университетінің/академиясының) түлектері 2013 жылы Н.А. Шәйкеновтің ғылыми мұрасын сақтау, ұстазымыздың идеяларын ары қарай дамыту мақсатында «Шәйкенов шәкірттерінің Ассоциациясы» Қоғамдық ұйымын құрдық.

Қазақ мемлекеттік заң институты алғаш түлектер шығарғанына 20 жылдай уақыт өтті, қазір, жылдар өткен соң біз, шәкірттер, Н.А. Шәйкеновтің арнайы заң жоғарғы оқу орынын құру идеясы қаншалықты мәнді болғандығын түсінудеміз. Сол жылдары біздің еліміз біліктілігі жоғары заң кадрларына тапшы болды, ал Н.А. Шәйкенов өз көрегендігімен мұны түсіне білді.

Ол кісінің, бізге, сол кездегі айтқандары бүгін мүлдем басқаша қабылданады. Уақыт өте келе біз, тек Ұстазымыз үшін ғана емес, арнайы заң жоғарғы оқу орынын құру туралы идеяны қолдап 1994 жылғы 14 наурызда «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтын құру туралы» Жарлыққа қол қойған біздің Елбасымыз Н.А. Назарбаев үшін ғана емес, біздің мемлекетіміздің және халықтың алдында бізге жалпы үлкен жауапкершілік артылғанын түсінудеміз!

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институты құқықтық реформаны қайта құру және республиканың заң кадрларына қажеттілігін қанағаттандыру, заң білімін дамыту мен оның сапасын арттыру мақсатында құрылған болатын.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәжіліс дәрісінде Н.А. Шәйкеновтің Қазақ мемлекеттік заң институтының студенттеріне арнап айтылған төмендегі жолдауы бүгінгі күні де біздер, түлектер үшін өсиет сөздер ретінде естіледі: *«Қайта құрылған Қазақ мемлекеттік заң институтының алғашқы студенттері мәртебесіне ие болған қыздар мен жігіттер, сіздерге жүгінемін. Сіздерге республикадағы алғаш мемлекеттік заң институтының бірінші білім алушылары ретінде ғана емес, біздің есейген балаларымыз бола тұра оңай емес, бірақ кәсіби заңгердің игілікті үлесін таңдағандарыңыз үшін сіздерге жүгінемін. Мен сіздерге, біздің жас отандастар ретінде жүгінемін, себебі, ертең-ақ сіздерге саналы түрде тарихи мәселелерді шешуге белсенді араласуға, одан да тереңдегі, сіздердің ата-аналарыңыздың буыны санаға сыймастай салып кеткен – құқықтық Қазақстанның демократиясын құруға тура келеді».*

Н.А. Шәйкенов идеясы жүзеге асырылды, яғни бүгінде біздің түлектер халқымыздың игілігі үшін шаршамай қызмет етуде. Құқықтық заңдылық пен құқықтық тәртіп мүддесін қорғай отырып біздің түлектер күннен-күнге егеменді еліміздің тарихын қалыптастыруда. Мемлекетіміздің және қоғамның өміріне баға жетпес өз үлестерін қоса жүріп, көптеген біздің түлектеріміз атары әйгілі де табысты заңгер-құқықтанушы, мемлекет және қоғам қайраткерлері болып қалыптасты.

Құрылған кезден бастап қазіргі күнге дейін Ассоциация бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді жұмыс жасап, құқықтың әртүрлі салаларында ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырып, Қазақстанның түрлі аймақтарында заң клиникасын ұйымдастырумен, тренингтер, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізумен айналысып келеді.

Ассоциацияның тағы бір міндеті құқықтың өзекті мәселелеріне қоғамның назарын аудару болып табылады.

Шәйкенов шәкірттері Ассоциациясы, Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігі, Заңнама институты және Каспий университетінің «Әділет» жоғарғы құқық мектебімен біріге отырып Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) қолдауымен Астана қаласында жыл сайын «Шәйкенов оқуларын» өткізеді. Онда білімді ғалымдар, саяси қайраткерлер, құқық оқытушылары, тәжірибелі заңгерлер, құқық мәселелерімен айналысатын халықаралық ұжымдар, мемлекеттік ұйымдар өкілдері қатысады.

Құқықтық қайта құрудың мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапқан Нағашбай Аманғалиұлы Шәйкеновтің көптеген құқықтық идеялары қазіргі уақытта да қолдауға ие. Ол идеялармен жұмыс жасау және оның мәнін қайта ойластыру жақын болашақта өз нәтижесін берері сөзсіз.

Біздің Ұстазымызға құрмет ретінде Н.А. Шәйкеновтің 70-жылдық мерейтойына арнап осы жылдың наурыз айында Шәйкенов шәкірттері Ассоциациясы Нағашбай Аманғалиұлы Шәйкеновті еске алуға арналған бірнеше іс-шаралар өткізуді жоспарлап отыр.

Мерейтой күніне арнап ұйымдастыру жаспорланып отырған негізгі іс-шаралардың бірі Әділет министрлігі, Заңнама институты және Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалары кеңсесінің қолдауымен «Шәйкенов оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын өткізу.

Түлектердің қаржылық қолдауымен Н.А. Шәйкеновті еске алуға арналған деректі фильм түсірілімі жүріп жатыр. Фильмнің тұсаукесері ағымдағы жылғы 25 наурызда Алматы қаласында Қазақ мемлекеттік заң институтының (университетінің/академиясының) түлектерінің кездесу кешінде көрсетіледі. Н.А. Шәйкеновты еске алуға арналған кітап басып шығару да жоспарланып отыр.

Заңгер-құқықтанушы өскелең ұрпақтарды Н.А. Шәйкеновтің жеке тұлғасымен, оның ғылыми жұмыстарымен, зерттеулерімен таныстыру мақсатында заң жоғарғы оқу орындары студенттерінің, жас заңгерлердің, магистранттардың арасында ғылыми жұмысқа байқау жарияланды. Жеңімпаздар қаржылай және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Аннотация. *В Республике Казахстан законопроекты и проекты международных договоров разрабатываются государственными органами-разработчиками на официальном русском языке, после чего ведется работа по обеспечению их перевода на государственный язык. Законопроекты или проекты международных договоров полностью рассматриваются и дорабатываются всеми заинтересованными органами, при необходимости в них вносятся изменения и дополнения. После чего поднимается вопрос обеспечения перевода на казахский язык законопроектов и проектов международных договоров. Обычно на перевод законопроекта или проекта международного договора, разработанного на русском язы-*

ке, дается всего лишь несколько дней, за это время переводчик переводит текст, но не успевает его доработать. Тем более, иногда в ходе перевода текста законопроекта на казахский язык приходится привлекать юриста, владеющего двумя языками, и знающего, понимающего специфические особенности сферы общественных отношений, которые регулируются законопроектом. Иначе не избежать искаженного перевода правовой нормы, изложенной в законопроекте.

В связи с этим очевидно включение в ряд научных экспертиз научной лингвистической экспертизы в целях улучшения редакции текста законопроекта на казахском языке.

Необходимо принять во внимание, что определение правовой основы проведения научной лингвистической экспертизы на законопроекты и проекты международных договоров является обязательным наряду с другими видами научных экспертиз.

В данной статье указываются цели и порядок, условия и особенности, а также сходства и отличия проведения научной лингвистической экспертизы на законопроекты в нашей стране и Российской Федерации.

Кроме того, приведены примеры недочетов, выявленных в ходе проведения научной лингвистической экспертизы на текст законопроекта на казахском языке для того, чтобы обратить на них внимание сотрудников, обеспечивающих перевод законопроекта на казахский язык, и недопущения такого в будущем.

Статья внесет свой вклад в улучшение качества редакции законопроекта на государственном языке.

THE SCIENTIFIC LINGUISTIC EXPERTISE: COMPARATIVE ANALYSIS

Medinayeva Akerke
Leading Researcher of the sector of translation of Linguistic center of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: a.medinaeva@adilet.gov.kz

Key words: *projects law; projects international treaty; linguistic expertise; termin.*

Abstract. *In the Republic of Kazakhstan projects laws and projects international treaties developed by public authorities, on the official Russian language, after which the work is under way to ensure their translation into the official language. Bills or draft international treaties fully considered and finalized all the concerned authorities, if necessary, they make changes and additions. Then rises the issue of the translation into Kazakh laws and of international treaties. Typically, the translation of the draft law or international treaty of the project, designed in Russian, given only a few days, during which time the translator translates the text, but does not have time to refine. Moreover, sometimes in the course of the translation of the text of the bill into the Kazakh language have to involve a lawyer, bilingual and knowledgeable, understanding the specific features of the sphere of social relations, which are regulated by the bill. Otherwise, do not avoid the distorted translation of the legal norm set out in the bill.*

In this connection it is obvious inclusion of a number of scientific expertise of scientific linguistic expertise in order to improve the wording of the bill text in the Kazakh language

It should be appreciated that the determination of the legal basis of the scientific linguistic expertise on bills and drafts of international treaties is a must, along with other types of scientific expertise

This article specifies the purpose and procedures, conditions and features, as well as the similarities and differences conduct of scientific linguistic expertise in our country, and the Russian Federation.

In addition, examples of the shortcomings identified in the course of scientific linguistic expertise on the text of the bill in the Kazakh language in order to bring them to the attention of staff employees to translation of the draft law on the Kazakh language and avoid this in the future.

The article will contribute to improving the quality of the editorial board of the bill on the state language

Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін белгілейтін тіл туралы заңда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.» деп көзделген[1].

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына сәйкес мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады[2].

Демек, орыс тілі ресми тіл ретінде қолданылатындықтан, әртүрлі қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық базаны да екі тілде қалыптастыру қажет.

Заңнамалық актілер, нормативтік құқықтық актілер және халықаралық шарттар жобаларын әзірлейтін мемлекеттік органдар оларды орыс тілінде әзірлеп, кейіннен қазақ тіліне аударылуын қамтамасыз етеді. Бұл актілердің бірден қазақ тілінде әзірленбеуіне мемлекеттік тілді жетік меңгерген заңгерлердің, әр саланың өзіндік ерекшеліктерін мемлекеттік тілде баяндай алатын мамандардың болмауы басты себеп болады.

Уақыт өткен сайын заңнамалық актілердің, нормативтік құқықтық актілердің және халықаралық шарттардың мемлекеттік тілдегі мәтінінің сапасы өте төмен және көптеген кемшіліктер мен олқылықтардың бар екені анықталды. Сондықтан оларды әзірлеу сатысында, яғни бұл актілердің жобаларына ғылыми құқықтық сараптамамен қатар лингвистикалық сараптама жүргізу қажеттігі туындады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу тәртібіне қатысты өзгерістер енгізілді.

Өзгеріс енгізілген қаулыларға сәйкес заң жобаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына басқа ғылыми сараптамалармен қатар, ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу шарттары, тәртібі мен мерзімі бекітілді. Ғылыми лингвистикалық сараптаманы жүргізетін уәкілетті ұйым ретінде Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Лингвистика орталығы белгіленді.

Бұдан басқа, нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 3-тармағында белгіленген, алайда бүгінгі күні жоғарыда көрсетілген заң Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңымен күшін жойған. Бірақ мұндай талаптар туралы норма жаңа «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабында белгіленген және оған сәйкес «Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс.

Ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде жазылған құқық нормасы нақ осы актінің басқа құрылымдық элементтерінде қайталап жазылмайды.

Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс.» деп көзделгенін атап өту керек[3].

Өз кезегінде, Лингвистика орталығы заң жобаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу барысында жоғарыда көрсетілген нормаларды негізге ала отырып, лингвистикалық зерттеудің әдістемелік негіздерін: ғылыми лингвистикалық сараптаманы жүргізуде шолу, стилистикалық талдау, салыстыру сияқты жалпы ғылыми әдістер және тіл білімінің басқа да әдістемелік тәсілдерін қолданады.

---

[1] *«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_*

[2] *Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_*

[3] *«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480*

Ғылыми лингвистикалық сараптаманың мақсаты заң жобаларының, халықаралық шарттар жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің дәлме дәлдігін, яғни сөздер мен сөз тіркестерінің, белгілі бір терминдердің, сөйлемдердің дұрыс аударылуын, грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателіктердің болмауын, артық сөздердің қолданылмауын, заң техникасының сақталуын айқындау болып табылады.

Осы орайда ғылыми лингвистикалық сараптамаға келіп түсетін заң жобаларының орыс тіліндегі мәтіні мен қазақ тіліндегі мәтінінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс барысында анықталған, әзірлеуші мемлекеттік орган жіберген бірқатар кемшіліктерді атап көрсетуге болады.

Мысалы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының қазақ тіліндегі мәтінін орыс тіліндегі мәтінмен салыстыру кезінде артық цифрлардың жазылуы, грамматикалық, стилистикалық сипаттағы қателіктер, аударылмай қалып кеткен сөздердің болуы, сөздерді дұрыс аудармау сияқты кемшіліктер анықталды. Яғни, осы заң жобасымен «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 2-тармағына өзгеріс енгізіледі, оған сәйкес оның орыс тіліндегі мәтіні мынадай редакцияда берілген: «2. Объектами технического регулирования и стандартизации в области производства и оборота нефтепродуктов являются нефтепродукты, а также процессы их производства, хранения, транспортировки, реализации, уничтожения и утилизации.». Тиісінше әзірлеуші орган осы тармақты қазақ тіліне: «2. Мұнай өнімдерін өндіру мен оның айналысы саласында техникалық реттеу мен стандарттау объектілері мұнай өнімдері, сондай-ақ оларды өндіру, сақтау, тасымалдау, сату, жою және кәдеге жарату процестері болып табылады.» деп аударып, сөздердің орын тәртібіне мән бермеген. Осы тармақты орыс тіліндегі мәтінмен салыстыра отырып, сөздердің орын тәртібін ауыстыру және дұрыс аударылмаған сөздерді қайта аудару арқылы берілген тармақтың қазақ тіліндегі редакциясын былайша өзгерту ұсынылды: «2. Мұнай өнімдері, сондай-ақ оларды өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу, жою және кәдеге жарату процестері мұнай өнімдерін өндіру мен оның айналымы саласындағы техникалық реттеу мен стандарттау объектілері болып табылады.». Бұл жерде ұсынылған редакцияны жақсарту, сөздердің орын тәртібін сақтау және олардың дұрыс аудармасын пайдалану сияқты жұмыс жүргізілгенін атап өту қажет.

Бұдан басқа, заң жобасының орыс тіліндегі мәтінінде қолданылған «компаундирование», «отгрузка», «реализация», «резервуарный парк» деген сөздер «компаундирлеу», «тиеуге», «сату», «резервуарлық парк» деп дұрыс аударылмаған. Оларды қазақ тіліндегі мәтінде тиісінше «компаундтеу», «тиеп-жөнелту», «өткізу», «резервуар паркі» деген сөздермен ауыстыру ұсынылады.

Сонымен қатар, атап көрсетілген заң жобасында «Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабын 16-1) тармақшамен толықтыру ұсынылады, оған сәйкес бұл тармақшаның орыс тіліндегі мәтіні мынадай редакцияда берілген: «16-1) осуществляет рассмотрение проектов документов по стандартизации в пределах компетенции, а также подготовку предложений по разработке, актуализации и отмене национальных, межгосударственных стандартов и национальных классификаторов технико-экономической информации;». Осы тармақшаның қазақ тіліндегі нұсқасын әзірлеуші орган былайша аударған: «16-1) құзыреті шеңберінде стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларын қарастыруды, сондай-ақ ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды және ұлттық техника-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, өзектендіру және жою бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;». Көрсетілген тармақшаның екі тілдегі нұсқасын салыстыра отырып, орыс тіліндегі «в пределах», «рассмотрение», «актуализации», «отмене», «технико-экономической» деген сөздердің қазақ тіліне тиісінше «шеңберінде», «қарастыруды», «өзектендіру», «жою», «техника-экономикалық» деп аударылуы еріксіз назар аудартады. Себебі тармақшаның орыс тіліндегі редакциясы бойынша ұлттық стандарттарға өзекті сипат беру, олардың күшін жою туралы ұсыныстар дайындау екені анық. Бұл ретте әзірлеуші мемлекеттік органның бұл тармақшаны сөзбе-сөз, яғни тікелей аударып, мағынасына көңіл бөлмегенін және грамматикалық қателікке жол бергенін атап өту керек. Тиісінше бұл тармақшаны мынадай редакцияда түзету ұсынылады: «16-1) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларын қарауды, сондай-ақ ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін

әзірлеу, оларға өзекті сипат беру және олардың күшін жою бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;».

Оның үстіне, орыс тіліндегі «актуализация» деген сөз Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінде қазақ тіліне «өзекті сипат беру» [1] деп аударылғанын ескерген жөн.

Бұл кемшіліктер орыс тіліндегі мәтінді қазақ тіліндегі мәтінге сәйкес келтіру әрі қазақ тіліндегі мәтін сапасын жақсарту мақсатында ұсынылды, әзірлеуші мемлекеттік орган осы олқылықтарды ескеріп, заң жобасының қазақ тіліндегі мәтінін пысықтады. Мұндай жұмыс заң жобасының мемлекеттік тілдегі мәтінін пысықтау, оны одан әрі жетілдіру үшін қажет екені айқын.

Осылайша ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу арқылы заң жобаларының және халықаралық шарттар жобаларының қазақ тіліндегі мәтінінің сапасы жылдан жылға жақсаруда деп айтуға болады.

Жоғарыда елімізде жүргізілетін ғылыми сараптамалардың жаңа түрі ретінде енгізілген ғылыми лингвистикалық сараптаманың мақсатын, тәртібі мен шарттарын және оны жүргізу ерекшеліктерін атап өттік.

Сондай-ақ ғылыми лингвистикалық сараптама біздің елімізден басқа қандай елде жүргізіледі деген сұраққа жауап іздедік.

Жауап іздей отырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері ішінен Қазақстаннан басқа, көршілес Ресей Федерациясында заң жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізілетінін анықтадық. Бірақ Ресейде мемлекеттік тіл де, ресми тіл де орыс тілі болғандықтан, заңнамалық актілер орыс тілінде жазылатыны айқын. Соған қарамастан, заң жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізудің қысқаша анықтамасы Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысының Мемлекеттік Думасы Регламентінің 121-бабы жетінші бөлігінде берілген: «Заң жобасының лингвистикалық сараптамасы ұсынылған мәтіннің нормативтік құқықтық актілер тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі орыс әдеби тілінің нормаларына сәйкестігін бағалау және грамматикалық, синтаксистік, стилистикалық, логикалық, редакциялық-техникалық қателіктерді және терминдер пайдалануда қателіктерді жою бойынша ұсынымдар беру болып табылады.»[4].

Регламентке сәйкес заң жобасына лингвистикалық сараптама Мемлекеттік Думаның жауапты комитетінің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады. Заң жобасы бойынша негізгі жұмыс екінші оқылым алдында жүргізіледі. Бұл кезеңде заң жобасының кешенді құқықтық және лингвистикалық сараптамасы баптар бойынша жүргізіледі және тиісті қорытынды дайындалады. Заң жобасына жүргізілетін лингвистикалық сараптаманың мәні заң жобасының тілі мен стилін қазіргі орыс әдеби тілінің нормаларына сәйкестікке келтіру, терминологиядағы алшақтықтарды анықтау, заң жобасындағы терминдерді заңнамада қолданылатын терминдерге жатқызу, логикалық, техникалық қателіктерді жою, тұжырымдарды нақтылау болып табылады.

Үшінші оқылым алдында заң жобасының мәтініне екінші оқылым барысында енгізілген түзетулерді енгізгеннен кейін туындауы мүмкін ішкі қайшылықтарды жою және баптардың өзара дұрыс байланысын орнату үшін қажет редакциялық түзету ғана ұсынылу мүмкін.

Ресей Федерациясының «Заң жобаларының лингвистикалық сараптамасы» бойынша әдістемелік ұсынымдарына сәйкес заң жобасының тілі мен стилін анықтау бойынша жұмыс жүргізу кезінде тілдің ресми-іскерлік функционалдық стильдегі актілерге қойылатын талаптарды және заңнамалық актілер тілінің өзіндік ерекшеліктері басшылыққа алынады. Яғни, мұндай ұсынымдардың мәні:

- құқықтық нормаларды баяндау логикасының сақталуына;
- құқықтық нормалардың айқын және жасырын қарама-қайшылықтарының болмауына;
- құқықтық нормаларды қалыптастыру кезінде заң және басқа да арнайы терминдерді пайдалану дәлдігіне;
- заңнамалық актілердің стилін, бірінші кезекте құқықтық нормалардың айқындылығын, ықшамдығын сақтауға қойылатын талаптар болып табылады.

Бұл ретте заң жобасының мәтінін талдау және бағалау қорытындысының объективтілігіне негізгі талаптарды кешенді түрде пайдаланған жағдайда ғана қол жеткізіледі.

Сонымен қатар, ресейлік лингвистер заңнамалық акт жобасына лингвистикалық сараптама жүргізу кезінде мынадай:

- терминдер мен сөздердің лексикалық үйлесімділігін таңдауда дәлдікті талдау және бағалау;

[4] *Регламент Государственной Думы. Принят постановлением Государственной Думы Федерального Собрания Российской Федерации от 22 января 1998 года № 2134-II ГД. Қол жеткізу режимі: http://www.duma.gov.ru/about/regulations/*

- тек жекеше немесе тек көпше түрінде қолданылатын зат есімдерге назар аудару;
- таңдап алынған терминдердің синонимдерін қатар пайдалануға жол бермеу;
- бейтарап лексиканы іріктеудің жалпы қағидаларын қолдану;
- орыс тілінің грамматикасында қолданылатын кішірейткіш-еркелеткіш жұрнақтары бар сөздерді пайдаланбау;
- заң терминдерін шектеусіз пайдалану;
- заңнамалық акт жобасында органдардың атауын түпмәтінге қарай қысқарту сияқты талаптарды негізге алу қажет.

Бұдан басқа, заңнамалық актілер жобаларында қолданылатын сөйлемдердің (жай сөйлем, құрмалас сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем), жалғаулық шылаулардың (және, сондай-ақ, ал), тыныс белгілерінің (жақша) қайсысы орынды пайдаланылатынына басымдық беріледі.

Одан басқа, заң жобасына лингвистикалық сараптаманы жүзеге асыру кезінде заң жобасының терминологиясының дұрыс пайдаланылуына ерекше көңіл бөлінеді:

- ұғымдар анықтамасы көлемінің жеткіліктілігі, осындай анықтаманың дәлдігі мен қысқалығы талданады;
-әрбіртерминді пайдалану мақсаттылығы айқындалады, заң жобасының құрылымында терминдердің жүйе құраушы элементі функциясын орындау дәрежесі белгіленеді;
- терминдерді қайта пайдалану кезінде олардың дұрыс пайдаланылуы (терминнің толық атауын пайдалану немесе терминді қысқарту енгізілген жағдайда оның қысқартылғаны формасын дәйекті түрде пайдалану) тексеріледі;
- терминдерді біріздендіру жүргізіледі, логикалық қатары бір терминдердің біркелкі жазылуы бақыланады, қайталанатын терминдер айқындалады, заң жобасының ұқсас ережелерінде терминологиялық және тілдік алшақтықтары атап өтіледі;
- ескірген, бір мағынасыз терминдер, неологизм терминдер, Ресей Федерациясы Конституциясының, Ресей Федерациясы заңнамасының терминологиясына сәйкес келмейтін терминдер анықталады;
- кәсіби терминдердің пайдаланылуы қажеттігі нақтыланады[5].

Жоғарыда көрсетілген әдістемелік ұсынымда заң жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізу кезінде басшылыққа алынатын қағидалар мен ережелер, ерекше назар аударарлық талаптар мен шарттар, заң жобасын техникалық ресімдеуге, оның құрылымына қойылатын талаптар және жол берілетін кемшіліктер атап көрсетілген. Біз олардың барлығын көрсетпей-ақ, негізгілерін атап өтуді жөн көрдік.

Осылайша, ресейлік лингвистер тек орыс тілінде жазылатын заңнамалық актілер жобаларының мәтініне жан-жақты, яғни грамматикалық, лексикалық, логикалық, синтаксистік, морфологиялық, пунктуациялық, стилистикалық талдау жасаса, біздің елімізде ғылыми лингвистикалық сараптама заң жобасының орыс және қазақ тілдеріндегі мәтінін салыстыра отырып, олардың бір-біріне теңтүпнұсқалығын, терминдердің бірізді қолданылуын, грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық, пунктуациялық кемшіліктердің болмауын қамтамасыз ету үшін жүргізіледі. Екі елде де заң жобасының мәтініне, жазылу тілі мен стиліне, пайдаланылатын терминдер мен ұғымдардың мағынасына, кемшіліктердің болмауына ерекше көңіл бөлетінін атап өту керек.

Қорыта келе айтарымыз, өзімізді ұлт ретінде танытқымыз келсе, әуелі мемлекеттік тілімізге ден қойып, оның өркендеуіне, әсіресе, түрлі қоғамдық қатынастарды реттейтін заң тілінің қалыптасуына ерекше назар аударғанымыз жөн. Сондай-ақ кез келген құқықтық мемлекет сияқты біз де өз нормативтік құқықтық базамыздың мемлекеттік тілде қалыптасуына ат салысуымыз әрбір азаматтың борышы деп білеміз.

Әдебиет

1. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі. – Астана, 2011. – 220 б.

References

1. Zannama terminderinin kazaksha-oryssha, oryssha-kazaksha sozdigi. – Astana, 2011. – 220 p.

[5] *Методические рекомендации «По лингвистической экспертизе законопроектов». Қол жеткізу режимі: https://ceur.ru/library/docs/departmental_regulations/item134003/*

УДК 340.1:81’244(574)

ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРДІҢ МӘТІНІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ АУДАРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Гүлжазира Ақтөреқызы Ілиясова
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедарсының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, доцент. Қарағанды қаласы;
e-mail: G.Iliasova@mail.ru

Түйін сөздер: *мемлекеттік тіл; заңнамалық акт; заң техникасы; заңдық термин; заңнамалық актінің мәтіні.*

Аннотация. *Заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аудару сапасына қатысты заң техникасымен байланысты мәселелер мақала тақырыбының өзектілігі болып табылады. Мақалада бүгінгі күні қазақстандық заңнамада нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін қазақ тіліне аударумен байланысты мәселелер әлі де шешімін таппай отырғаны туралы атап көрсетіледі. Кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында заңгерлер әрқашан құқық нормаларын және заң терминологиясын қазақ тіліне дұрыс емес аударумен байланысты қателіктерді жиі кездестіріп отырады, мәселен, мәтін тікелей аударылады, соның салдарынан заңдық терминдердің мағынасы өзгереді, жалпыға танымал заңдық терминдер бірнеше түрлі нұсқасында аударылады. Бұндай мәселелер құқық нормаларын теріс түсінуге және теріс түсіндіру беруге әкеледі. Ал құқық теороиясы бойынша заң техникасының қажетті шарты болып терминологияның біртектілігінің сақталуы, бір ұғымға қатысты бірнеше терминді пайдалануға жол бермеу танылады.*

Зерттеудің мақсаты заң техникасының теоретикалық ережелеріне және азаматтық заңнаманың мемлекеттік тілдегі мәтіндеріне талдау жүргізу негізінде құқық нормаларының аудармаларындағы қателіктерін айқындау, қазақ тіліне заңнамалық актілердің мәтіндерін сапасыз аудару мәселелері бойынша жалпы қорытындылау, соның негізінде мемлекеттік тілде заңнамалық актілерді әзірлеу бойынша заң техникасын жетілдіру жөнінде қорытындылар жасау.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінің мемлекеттік тілдегі мәтіндеріне, теоретикалық көзқарастар мен автордың атап өткен ескертпелеріне жалпылама талдау жүргізу нәтижесінде құқық нормаларының қазақ тіліндегі дұрыс аудармаларының нұсқалары ұсынылады және нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін қазақ тіліне аударудың заң техникасын жетілдіру жолдары ұсынылады. Мұндай маңызды мәселені шешу қазіргі қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетін жоғарылатуға септігін тигізері анық.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ, СВЯЗАННЫЕ С ПЕРЕВОДОМ ТЕКСТА ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ АКТОВ НА ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК

Ильясова Гульжазира Актуреевна
Профессор кафедры гражданского и трудового права Карагандинского государственнного университета имени академика Е.А. Букетова, кандидат юридических наук, доцент; город Караганда;
e-mail: G.Iliasova@mail.ru

Ключевые слова: *государственный язык; законодательный акт; юридическая техника; юридический термин; текст законодательного акта.*

Аннотация. *Актуальность темы статьи заключается в исследовании проблем, связанных с юридической техникой в отношении качества переводов законодательных актов на государственный язык. В статье указывается, что на сегодняшний день в современном казахстанском законодательстве проблемы, связанные с некачественным переводом текста нормативных правовых актов, существуют до сих пор. При осуществлении профессиональной деятельности юристы всегда сталкиваются с ошибками, связанными с неправильным переводом текста норм права и юридической терминологии на казахский язык, например, осуществляется прямой перевод текста и теряется смысл юридических тер-*

минов, общепризнанные юридические термины переводятся в нескольких вариантах. Эти проблемы приводят к неправильному пониманию и толкованию норм права. А ведь по теории права необходимыми условиями юридической техники являются соблюдение единства терминологии, недопустимость использования разных терминов для обозначения одних и тех же понятий. Целью исследования является анализ теоретических положений законодательной техники и текстов гражданского законодательства на государственном языке и на этом основании выявление ошибок в переводе норм права, обобщение проблем некачественного перевода текста законодательных актов на казахском языке, сделать выводы по совершенствованию юридической техники при разработке законодательных актов на государственном языке.

Исходя из обобщенного анализа текстов на государственном языке некоторых законодательных актов Республики Казахстан, существующих теоретических взглядов и высказанных автором замечаний, предлагаются варианты правильного перевода норм права на казахсткий язык и пути совершенствования юридической техники по переводу текста нормативных правовых актов на казахский язык. Решение такой важной проблемы будет способствовать повышению правовой культуры современного казахстанского общества.

CURRENT PROBLEMS RELATED TO THE TRANSLATION OF TEXTS OF ACTS TO THE STATE LANGUAGE

Ilyassova Gulzhazira Aktureevna
Professor of chair of the civil and labor law of the Karaganda State University named after academician Ye.A. Buketov, candidate of jurisprudence science, associate professor; Karaganda city;
e-mail: G.Iliasova@mail.ru

Keywords; *state language; legal act; legal equipment; legal term; text of the legal act.*

Abstract. *Relevance of the subject consists of the problems' researches connected with the legal equipment in the relations to quality of the acts' translations on a state language. Nowadays in the modern Kazakhstan legislation, as specified in article, problems connected with the low-quality text translation of the statutory legal acts exist still. At implementation of professional activity lawyers always make mistakes connected with the wrong text translation of the legal rules and legal terminology into Kazakh, for example, a direct transfer of the text is made and the meaning of legal terms is lost, the conventional legal terms are translated in several options. These problems result in the wrong understanding and interpretation of the legal rules. According to the theory of the law, necessary conditions of the legal equipment are respect for unity of terminology, inadmissibility of use in different terms for designation of the same concepts. Research objective is the analysis of theoretical provisions of the legislative equipment and texts of the civil legislation in a state language and bases on that to identificate mistakes in translation of legal rules, generalize problems of the low-quality text translation of acts in Kazakh, to draw conclusions on improvement of the legal equipment when developing acts in a state language.*

Proceeding from the generalized analysis some acts' texts of the Republic of Kazakhstan in a state language, the existing theoretical views and remarks stated by the author, options of correct translation of legal rules on kazakh language and improvemental ways of the legal equipment on the text translation of statutory legal acts into kazakh are offered. The solution of such important problem will promote to increase in legal culture of modern Kazakhstan society.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі»[1]. Қазақстан Республикасы 1991 жылы Тәуелсіздікті алған сәтінен бастап мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін бекіту үшін бірқатар заңдар мен реформалар қабылданды. Олардың ішінде «Тілдер туралы» Заңы, «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» және т.б. қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасуына және іс-жүргізудің қазақ тілінде жүзеге асырылуына зор ықпал етті.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп жазылған[2].

Қазақ тілі мәселесі мемлекеттік

[1] *Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_#z0*

[2] *Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_*

деңгейде көтерілген кейінгі жылдары бұқара жұртшылық та ана тілінің мәртебесі үшін белсенділік танытуда. Бірақ, соған қарамастан, әлі де болса шешілмей жатқан түйінді мәселелер баршылық. Атап айтқанда, елімізде қабылданып жатырған нормативтік құқықтық актілердің қазақ тілі нұсқасындағы мәтінінде қолданылған сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруда жіберілген кемшіліктер заңдағы нормалардың мәнісін түсініксіз етеді. Оның себептері келесідей:

Біріншіден, нормативтік құқықтық актілердің түпнұсқалары орыс тілінде қабылданады, кейін қазақ тіліне аударылады. Қазақ тіліне аударумен заңгерлер емес, тіл білімінің мамандары айналысады. Сол себепті заң терминдері тікелей мағынада аударылып, мәнісін жоғалтады [1].

Осы жерде тағы бір тоқтала кететін маңызды мәселе: ресми аударма ісі филологтарға (бірінші мамандығы «филолог», екінші мамандығы «заңгер») жүктелген. Дұрысы заңның мәтінімен жұмыс істейтін адам міндетті түрде заңгер, яғни бірінші меңгерген мамандығы «заңгер» болуы керек. Өйткені, майталман аудармашы-филолог маманның өзі заңның мәтінімен жұмыс істеуге келгенде, сол заңның табиғатын түсіне алмай қиналады. Әрине, бұл олардың кінәсі емес. Бүгінгі күнге дейін солай болып келді, қазір де солай. Сөздің мағынасын жете түсініп, әдеби сөйлем құрғанымен, заңның тілі - ресми тіл, әр заң мен құқықтық актіде норма болатынын кез келген аудармашы түсіне бермейді. Заңдық техникадан хабары жоқ адам қазақшаға еркін аударып немесе редакциялап қойғанымен, орыс тіліндегі түпнұсқамен салыстырып, заң шығарушының не айтпақ болғанын зерделегенде, заң шығарушының ойын, яғни құқық нормасының мәнісін бұрмалайтын жағдайлар кездеседі. Сондықтан, заң мәтінімен жұмыс істейтін аудармашы оның мәнісін түсінетін адам, яғни заңгер болуы керек.

Қазіргі кезде тіліміздегі сөздердің күнделікті мағынасымен қатар терминдік мәні, мазмұны әр-алуан. Қазақ тілінің байлығы, мағыналық көпнұсқалығы, синонимдік мағыналарының кеңдігі көркем әдебиетте мол мүмкіндіктер ашқанымен, өзіндік ерекше талаптарға сай ресми нысанда әзірленетін заң актілерінде белгілі бір қиындықтар туындатады.

Заң техникасы тұрғысынан келгенде әр сөз бір ғана мағынаны беруі қажет. Осыған сәйкес, ұлттық заңнама жүйесінде терминдердің бір мағынада түсіндіріліп, бірізділікпен қолданылуына қол жеткізу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Заң тілінің нақты, тиянақты, бір мағыналы болуы, оның қоғамдық қатынастарды нәтижелі реттеуінің және толыққанды жүзеге асырылуының маңызды кепілдіктерінің бірі болып табылады. Осы талаптардың іс жүзінде орындалуы әрқашан көңілден шыға бермейді. Басқа нормативтік құқықтық актілермен салыстырғанда, Негізгі заңның – Конституцияның өзінде заң техникасының тілге қатысты талаптары сақтала бермейді. Мысалы, Конституцияда бір сөздің бірнеше синоним сөздерімен жазылуы («құқы», «құқығы», «құқысы», «хақы», «хақылы», «хақысы»), бір терминнің орнына әртүрлі сөздердің қолданылуы («еркіндігі», «бостандығы»).

Ұлттық заңнама терминологиясында шешілмей жүрген бірқатар өзекті мәселелер бар. Оның біріншісі – нормативтік-құқықтық актілердегі атау сөздердің, терминдердің бірізділігі мәселесі. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының орыс тілінде әзірленуі, Парламентке келіп түскенше осы жобалардың сол тілдегі мәтіні ғана пысықталып, ал қазақ тіліндегі аударма нұсқасының назардан тыс қалуы, депутаттық жұмыс топтарында да жобамен жұмыстың негізінен орыс тілінде жүргізілуі, жалпы алғанда ұлттық заңнама тілінің, оның терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байланып қалуы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр. Тиісті сала маманының, заңгердің талдауынан өтпеген ұлттық термин жалғыз аудармашының аударма жұмысына тәуелді болып қала береді.

Екіншіден, Ана тілімізде жазылған арнайы заң әдебиеттерінің, оқулықтардың мардымсыздығы салдарынан болашақ заңгерлерге мемлекеттік тілде дәріс, тәжірибе сабақтарын беру барысында оқытушы көптеген қиындықтарға ұшырасады. Соңғы жылдары оқулық тапшылығы мәселесі аударма басылымдардың арқасында біртіндеп шешімін тапқанымен, олардың басым көпшілігінің сапасы ешқандай сын көтермейді. Сондықтан, мемлекеттік тілде оқыту сапасын жақсарту үшін әрбір білім алушыны қазақ тілінде жарияланған оқу құралдарымен және инновациялық оқу-әдістемелік құралдармен (электронды оқулықтар, дәрістермен) жеткілікті қамтамасыз ету және оларды әзірлеу мен сапасын жоғарылату үшін авторларды материалдық ынталандыру қажет деп санаймыз.

Үшіншіден, ғаламтор жүйесінде мемлекеттік тілде ақпараттарды жариялау көлемі аз. Сондай-ақ мемлекеттік органдар мен мекемелердің ресми сайттарында қазақша ақпараттардың көлемі аз және тұрақты жаңартылып отырмайды.

Төртіншіден, соңғы жылдары заң ғылымы саласында мемлекеттік тілде қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялардың жалпы санының ұлғаюы байқалады. Алайда, заң ғылымының жекелеген салалары бойынша зерттелмеген өзекті мәселелер баршылық. Сол себепті, отандық ғылымды, соның ішінде, заң ғылымы саласында мемлекеттік тілде жүргізілетін зерттеулерді дамыту үшін мемлекеттік қолдау көрсету қажет.

Бесіншіден, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тілдегі мәтіндері сын көтере бермейді. Себебі, қазақ тіліндегі заң терминдерінің бірыңғай үлгісі жоқ болғандықтан, нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері әртүрлі терминдерді қолдана отырып аударылады, бұл заңды қате түсінуге әкеледі. Заң актілерінің де алдымен орыс тілінде жазылып, қазақшаға соңынан аударылуы бұл саладағы жағдайдың түбегейлі оңалуына септігін тигізбейді.

Қазақстан Республикасындағы қабылданған нормативтік құқықтық актілердің басым бөлігінің алғашқы түпнұсқасы орыс тілінде әзірленіп, кейіннен қазақ тіліне аударылады. Жалпы бұл іс-әрекет Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 9-бабында көрсетілген, ол жерде «Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін» - деп жазылған. Негізінен осы заңдардың бастапқы кезінде орыс тілінде әзірленіп, кейіннен қазақ тіліне аударылуы, осы заңдардың қазақ тіліндегі нұсқаларындағы көптеген қайшылықтарға әкеп соғады. Заңдардың негізгі қалыптастырушы бөлігі ретінде біз терминдерді қарастырамыз. Осы терминдер нақты берілген бір ұғымды білдіріп, бірыңғай түсінілуі тиіс. Сондықтан заң аудармасымен айналысатын аудармашылардың заң терминдерін біліп және оларды бірыңғай қолданбауы қазіргі таңдағы бірден бір өзекті мәселе болып табылады.

Қолданыстағы заңдардың қазақша нұсқасын зер сала оқысақ, оған негізінен мағыналық аударма емес, сөзбе-сөз аударма, ресми тіл емес, көркем әдебиет тілі тән екеніне көзіміз жетеді. Соның салдарынан заңның тілі әркелкі, терминдерді қолдануда бірізділік жоқ. Шынын айтқанда, қазіргі кезде заңдардың орысша нұсқасынсыз оның қазақша нұсқасын толық мәнінде дұрыс түсініп, дұрыс қолдану мүмкін емес [2, 28 б.]. Кейбір сөздердің баламасының дұрыстығы күмән туғызса, кейбір сөздердің аудармасы, тіпті құлаққа оғаш естіледі. Кейбір латын тілінен енген заң терминдерін қазақ тіліне аударудың қажеті қанша? Неге сол терминді қалдырмасқа? Әйтпесе, нормативтік құқықтық актілерде заң терминдерінің бір емес бірнеше аудармасын кездестіруге болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қазақ тіліндегі нұсқасын зер сала оқысақ, онда сөздердің қазіргі жазылу емлесін ескермеу, құқықтық мағынасынан гөрі көркем әдебиеттік сипаты басым сөздерді қолдану, стильдік үйлесімділіктің болмауы орын алған. ҚР Азаматтық кодексінің ерекше бөлімінде «интеллектуальная собственность» термині үш түрлі аударылған: «интеллектуалдық меншік», «санаткерлік меншік», «зияткерлік меншік» - бұл орысша мәтіндегі бір сөздің екі, үш сөзбен аударылуы.

Заңды алғашқы кезеңінде орыс тілінде әзірлеу сатысында ол процеске құқық мамандарының қатысуы және негізгі жұмысты атқаруы көрсетілген заңның дұрыс әзірленуінің негізі болып табылады. Ал оның қазақша аудармасына келетін болсақ, негізі заң аударумен лингвистика мамандарының айналасатынын көре аламыз, сондықтан қазақ тіліне аударылған заңдар өзінде, алғашқы түпнұсқаға қарағанда бірнеше қайшылықтарды қамтиды. Осы қайшылықтардың үлгілерін көрсету үшін, мысал ретінде аса маңызды нормативті құқықтық актілерді салыстырып қараймыз.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірде қабылданған Заңында: «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс.» - деп атап көрсетілген (24-баптың 3-бөлімі)[3]. Алайда, қазақ тіліндегі заңнамалық актілердің мәтіндерінде осы нормаға қайшы келетін тұстары баршылық. Мәселен, ҚР Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 3-бабы орысша мәтінінде «Гражданское законодательство Республики Казахстан» деп аталады, ал қазақша нұсқасында «Қазақстан Республикасының азаматтық заңдары» деп жазылған. Құқықтық актілер туралы» заңында 1–баптың 16 п. сәйкес, «законодательство Республики Казахстан» сөзі «Қазақстан Республикасының заңнамасы» деп аударылған.

ҚР Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 6-бабы орысша мәтінінде «Толкование норм гражданского законодательства» деп аталады, ал қазақ тіліндегі мәтінінде «Азаматтық

[3] *Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480*

заң қалыптарының түсінілуі» деп жазылған. «Құқықтық актілер туралы» заңға сүйенетін болсақ, 1-баптың 18-п. «норма права» сөздері «құқық нормасы» деп аударылады. Сол сияқты «толкование» сөзінің «түсінілуі» деп аударылуы ұйқаспайды, сондықтан «Құқықтық актілер туралы» заң бойынша «түсіндіру» деген аудармасы лайықты деп санаймыз. Сонымен, Азаматтық кодекстің 6-бабының атауын былай деп өзгертер едік: *«Азаматтық заңнама нормасын түсіндіру»*. Тағы да осындай қате аударма Азаматтық кодекстің 114-бабында да қайталанады.

Азаматтық кодекстің 267-бабында «нормативный акт» сөздері «қалыпты құжат» деп қате аударылған, себебі «Құқықтық актілер туралы» заңның 1-бабының 25-п. бойынша, «нормативный правовой акт» - «нормативтік құқықтық акт» деп аударылады.

ҚР Азаматтық кодексіндегі (Ерекше бөлім) 406-баптың 2, 3-тармақтарына сәйкес, орысша мәтіндегі «законодательные акты» деген сөздер түрліше аударылған, бір жерде «заң актілері», ал екінші бір жерде «заңнамалық актілер» деп берілген. Осы сөздердің мағынасы бірдей болғанымен, бірізділікті сақтау мақсатында Кодекстің толық мәтіні бойынша «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 2) тармақшасына сәйкес *«заңнамалық акт»* деп қолданылған орынды болар еді деп санайды мамандар [3].

Азаматтық кодекстің 236-бабы «Жаңадан жасалып жатқан қозғалмайтын мүлікке меншік құқығының пайда болуы» деп аталса, 255-бабы «Жер учаскесін және басқа да табиғи ресурстарды алып қоюға байланысты жылжымайтын-мүлікке меншік құқығының тоқтатылуы» деп аталады. Осы баптардың редакциясында «жылжымайтын мүлік» сөздерінің орнына «қозғалмайтын мүлік» сөздері қолданылады. Яғни, орысша мәтіндегі «недвижимое имущество» сөздері екі түрлі аударылған, 117-бапта «жылжымайтын және жылжымалы мүлік», ал басқа 216, 240, 242, 247, 249, 281, 299, 309, 319-баптарында «қозғалмайтын мүлік», «қозғалмалы мүлік» деген сөздер қолданылады.

Азаматтық кодекстің 147-бабында мәміленің ұғымы орысша мәтінде келесідей берілген: «Сделками признаются действия граждан и юридических лиц, направленные на **установление**, изменение или прекращение гражданских прав и обязанностей», ал қазақша мәтінде «Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін **белгілеуге**, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады» деп анықтама береді. Осы анықтамадағы «установление» деген сөз «белгілеуге» деп дұрыс емес аударылған. Әрекеттер белгіленбейді, орнатылады. Сондықтан, 147-баптың редакциясы келесідей жазылуы тиіс деп санаймыз: *«Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін орнатуға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады»*

Азаматтық кодексте «обычаи делового оборота» деген ұғым бар. Осы ұғым қазақ тілінде бес түрлі нұсқада аударылыпты: «іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар» (3-баптың 4-бөлімі), «іскерлік айналым дәстүрлері» (366-баптың 1-бөлімі), «іскерлік айналым ғұрпы» (411-баптың 2-бөлімі); «іскерлік айналым дағдылары» (427-баптың 2-бөлімі, 431-баптың 2-бөлімі); «іскерлік айналымның тиісті сауда терминдеріне қатысты қолданылып жүрген ғұрыптар» (1113-баптың 6-бөлімі). Бұл сөздерді біздің ойымызша «іскерлік қызмет өрісіндегі әдет» деп аударған жөн.

Орыс тіліндегі «оформление» сөзі Азаматтық кодексте «ресімдеу» деп аударылған, мәселен, «Тіркеуден бас тарту жазбаша түрде **ресімделуге** тиіс» (155-баптың 1-бөлімі), «кепілге салу билетін беруімен **ресімделеді**» (328-баптың 2-бөлімі), «тауарды жеткізіп берудің **ресімделуін** куәландыратын түбіртекті» (452-баптың 2-бөлімі), «қол қойған актімен ресімделеді» (663-баптың 4-бөлімі), «патентті **ресімдеу** мен беру тәртібі» (1006-баптың 2-бөлімі). Қазақ тілінде «ресімдеу» деген сөз жоқ. «Оформление» - «рәсімдеу» деп аударылады. Ал 55-бапта «Последствия возбуждения **процедуры** банкротства» қазақ тілінде «Банкроттық **рәсімін** қозғау салдарлары» деп аударылыпты. Осы баптағы процедура сөзін аудармай сол қалпында қолдана берген жөн. Себебі «процедура» сөзі (французша – «procedure», латынша «procedo» - продвигаюсь)[4] деген ұғым береді. Яғни латын сөзінен енген сөз болғандықтан, аударудың қажеті жоқ деп санаймыз.

Азаматтық кодекстің ерекше бөлімінде реттелген кейбір азаматтық-құқықтық шарттардың атаулары қазақ тілінде дұрыс аударылмаған. Атап айтатын болсақ, 25-тараудың 4-бөліміндегі қарастырылған «Келісім-шарт жасасу» бұл орыс тіліндегі «Договор контрактации». Негізінде «контракт» сөзі латын тілінде «contractus» - шарт деген ұғым береді, ал «контрактация» термині ауылшаруашылығы өнімдерін сатып алу шартына қатысты қолданылады.

[4] *Большой энциклопедический словарь // http://www.vedu.ru/bigencdic/51021/*

Сол себепті осы шарттың атауын «Контрактация шарты» деп өзгерту қажет.

26-тарауда қарастырылған «Айырбас шарты» атауы да үйлесімсіз. *«Айырбастау шарты»* деген аудармасын қолдану жөн деп санаймыз.

36-тарауда қарастырылған «Договор займа» қазақша мәтінде «Заем шарты» деп (715-717, 719-727-баптарда) аталып, аударусыз күйінде қалдырылған. Алайда «Договор займа» сөздерінің қазақша аудармасы *«Қарыз шарты»* болуы тиіс. Ал енді осы тарауда одан әрі ішінара кейбір баптарда «**Қарыз шарты** бойынша сыйақы» (718-бап), «**Банктік қарыз шартының** және микрокредит беру туралы шарттың ерекшеліктері» (728-бап) деп аударылған. Яғни, бір тараудың ішінде терминдерді қолдануда біртектілік сақталмаған, әр бапта әрқалай аударылған.

518-баптың мазмұны «Договор ренты подлежит **нотариальному** удостоверению» дұрыс аударылмаған «Рента шартын **нотариат** куәландыруға тиіс». Нотариат – субъект емес, ол құқықтық институт (ҚР «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Заңының 1-бабы). Сондықтан шартты нотариат куәландырмайды, нотариус куаландыруы тиіс. Ал 518-баптың мазмұнын аударатын болсақ, келесідей редакцияда жазылуы тиіс: *«Рента шарты нотариаттық куәландыруға жатады».*

Сонымен қатар, 1051-баптың атауының орыс тіліндегі нұсқасы «Нотариально удостоверенное завещание» қазақ тілінде «**Нотариатта** куәландырылған өсиет», 1052-баптың орыс тіліндегі нұсқасы «Завещания, приравниваемые к нотариально удостоверенным» қазақ тілінде «**Нотариатта** куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер» деп аударылған. Жоғарыда қарастырылған «Нотариат туралы» Заңға сәйкес, бұл баптардың атаулары келесідей үйлесімді аударылуға жатады: *«Нотариаттық куәландырылған өсиет»* (1051-бап), *«Нотариаттық куәландырылғандарға теңестірілген* өсиеттер» (1052-бап).

697-бап орысша мәтінінде «Провозная плата» деп аталады, ал қазақша мәтінінде бұл атау «Кіре ақысы» деп үйлесімсіз аударылған. Негізінде, дұрыс аудармасы «Тасымалдау ақысы» болуы тиіс. Себебі бұл жүкті, жолаушыны, теңдеме жүкті тасымалдау шартын орындағаны үшін төленетін сыйақы (34-тарау «Тасымалдау»).

Енді «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексін»[5] (бұдан әрі АПК) қарастырайық. Кодекс дегеніміз біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары біріктірілген және жүйеге келтірілген заң. Сондықтан осы заңның орыс және қазақ тілдерінде теңтүпнұсқалы болуы міндетті. Жалпы қайшылықтардың бірін біз осы кодекстің атында көре аламыз, орыс тіліндегі «процесс» деген сөздің қазақ тілінде бірнеше аудармасы бар. Олар: үрдіс, іс жүргізу, процесс, үдеріс. Академик Г.С. Сапарғалиевтің «Русско-казахский словарь юридических терминов и понятий» [4] деген еңбегінде, «Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан» - «Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексі» деп аударылған. Дәл осы «процесс» деген сөзді «процесс» деп аудармай, «іс жүргізу» деп атауды біз тағы да Бектаев Қ., Исмагулова Б., Ережепова Э., Абдижапбарова Г. еңбектерінен көре аламыз. Сондықтан жалпы кодекстің дұрыс атауы *«Азаматтық іс жүргізу кодексі» деп болуы қажет деп санаймыз.*

ҚР Азаматтық-процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) атауынан бастап мәтініне дейін аудару сапасы сын көтермейді. Кодекстің 5-тарауының атауында «іске қатысатын **адамдар**», 43-бапта «Іске қатысатын **адамдардың** құрамы», 9-бапта «Іске қатысатын адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделін құрметтеу» деген атауларды көре аламыз. АПК орысша нұсқасында осы баптардың атаулары келесідей жазылған: 5 тарау «**лица**, участвующие в деле», 43 бап «Состав **лиц**, участвующих в деле», 9-бап «Уважение чести и достоинства, деловой репутации лиц, участвующих в деле». Белгіленген баптардың атауында және де өздерінде «лиц», «лица» аудармасында қателік жіберілген, Заңның қазақ тіліндегі мәтінінде «лицо» деген сөз «адам» деп аударылған. Бұл дұрыс емес, себебі 43-бапта қарастырылғандай, іске қатысушылар деп тараптарды; үшінші тұлғаларды; прокурорды; мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, заңды тұлғаларды немесе осы Кодекстің 55 және 56-баптарында көзделген негіздер бойынша процеске кіретін азаматтарды айтады. Бұлардың барлығын адамдар деп атау қате, сондықтан біздің ұсынысымыз: 9-бапта «Іске қатысатын тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделін құрметтеу», 5-тарауды *«Іске қатысатын тұлғалар»* деп, 43-бапты *«Іске қатысатын тұлғалардың құрамы»*, 46-бапты «Іске қатысатын тұлғалардың құқықтары

[5] *Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі» // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377*

мен міндеттері» деп өзгерту қажет.

Дәл осы кодекстің 8-бабының атауын қазақ және орыс тілінде салыстыратын болсақ «Тұлғаның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғау» және «Судебная защита прав, свобод и законных интересов лица», осы бапта «лицо» деген сөз «тұлға» деген аударманы иеленіп тұр. Дәл осындай аудармадағы сәйкессіздіктер мен қателіктер АПК-ның 9-бабының 2-бөлімінде көрсетілген «2. Азаматтық сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерінен, сондай-ақ басқа да тұлғалардың осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген әрекеттерді жасауына байланысты жеке тұлғаға келтірілген моральдық зиян, жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға келтірілген залалдар заңда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс» орысша тұпнұсқасын қарастыратын болсақ ол жерде былай жазылған «2. Моральный вред, причиненный физическому лицу, убытки, причиненные физическому или юридическому лицу в ходе гражданского судопроизводства незаконными действиями государственных органов и должностных лиц, а также в связи с совершением указанных в части первой настоящей статьи действий другими лицами, подлежат возмещению в установленном законом порядке». Аудармадағы қателік «Должностное лицо» деген сөздің «лауазымды адам» деген аудармасында. Қазақстан Республикасының көптеген нормативік құқықтық актілерінде «лауазымды адам» деген ұғымға қатысты қолданылатын «лауазымды тұлға» деген сөз тіркесін көре аламыз. Оған бірден бір мысал болып табылатын Қазақстан Республикасының Конституциясының 40-бабының 1-ші бөлімінде орыс тілінде ол жерде былай жазылған «Президент Республики Казахстан является главой государства, его высшим должностным лицом, определяющим основные направления внутренней и внешней политики государства и представляющим Казахстан внутри страны и в международных отношениях», осы бап қазақ тілінде келесідей аударылған: «Қазақстан Республикасының Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға». Демек, ҚР Конституциясында «Должностное лицо» деген сөз тіркесі «Лауазымды тұлға» деп көрсетілген.

Осы «должностное лицо» сөзі Конституцияда тағы екі түрлі аударылған: мысалы, 18-баптың 3-бөлімінде, 31-баптың 2-бөлімінде, 83-баптың 2-бөлімінде «лауазымды адам» деп жазылған. Сөйтіп, Негізгі заңның қазақ тіліндегі мәтінінде де аудармаға қатысты қарама-қайшылықты айқындап отырмыз.

Осы аударма тағы да Окушева Г.Т., Жанаділова З.М., Еркінбаева Л.Қ. құрастырған «Ағылшынша-орысша-қазақша заң терминдерінің сөздігінен» [5] көрініс табады және тағы да бірнеше ғалымдардың еңбектерінен біз дәл осы аудармаға көз жеткізе аламыз. Ол жерде «Должностное лицо» қазақ тілінде «лауазымды тұлға» деген мағынаға ие болады. Осы аудармаға сүйене отырып біз бұл бапты келесідей аудара аламыз «Азаматтық сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен, сондай-ақ басқа да тұлғалардың осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген әрекеттерді жасауына байланысты жеке тұлғаға келтірілген моральдық зиян, жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға келтірілген залалдар заңда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс».

Тағы бір АПК-ның орыс тіліндегі нұсқасында бір сөздің қазақ тілінде бірнеше сөзбен көрсетілуі кездеседі. АПК-ның орыс тіліндегі «ответственность» деген сөзі АПК-ның қазақ тіліндегі мәтініндегі 13-бабында жауапкершілік деп, ал осы кодекстің 19, 21, 27, 30, 33, 73-баптарында «жауаптылық» деп берілуі. Дұрысы «жауапкершілік» болуы тиіс.

Осы кодекстегі тағы да бір қателікті біз 160-баптың 2-бөлімінен көре аламыз, орысша нұсқасында былай деп жазылған «2. В случае отказа в иске принятые меры обеспечения иска сохраняются до вступления решения в законную силу.» деп көрсетілген, ал қазақша нұсқасында «2. Талап қоюдан бас тартылған жағдайда талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде қабылданған шаралар шешім заңды күшіне енгенге дейін сақталады.» деп қате аударылған. Негізгі қателік бұл жерде орыс тіліндегі «В случае отказа в иске» деген сөздердің қазақ тіліне аударылымы «Талап қою қанағаттандырылмаған жағдайда» деп жазылуы тиіс еді. Осының салдарынан баптың мағынасы бұрмаланып тұр. Себебі «талап қоюдан бас тарту» деген сөз «отказ от иска» деп аударылатыны бізге мәлім. 48-бап бойынша «талап қоюдан бас тартуға құқылы» талап қоюшы болып табылады. Сот талап қоюды қанағаттандырмауы мүмкін.

Келесі қателікті біз осы кодекстің «Талап қою арызын қабылдаудан бас тарту» деп аталатын 151-бабынан көре аламыз. Қателік осы баптың 1-бөлімінің 2-пунктінде орын алған, осы бөлімнің орысша нұсқасы

келесідей « 1. Судья отказывает в принятии искового заявления, если: 2) имеется вступившее в законную силу решение суда или определение суда о прекращении производства по делу по основаниям, предусмотренным настоящим Кодексом, вынесенное по спору между теми же сторонами, о том же предмете и по тем же основаниям;», ал дәл осы баптың қазақша нұсқасында былай көрсетілген «сол тараптардың арасындағы, нақ сол нысана туралы және нақ сол негіздер жөніндегі шығарылған дау бойынша, осы Кодексте көзделген негіздермен іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы заңды күшіне енген сот шешімі немесе сот үйғарымы болса». Бұл жердегі қателік «прекращение производства» деген сөздердің «іс жүргізуді қысқарту» деп аударылуында болады. Жалпы «қысқарту» деген сөз орыс тілінде «сокращать» деп аударылады, дәл осы аударманың нұсқасын өзінің «Большой казахско-русский, русско-казахский словарь» атты еңбегінде Бектаев Қалдыбай Қалдыбаевич көрсеткен [6]. Ал «прекращение» деген сөзінің дұрыс аудармасы қазақ тілінде «тоқтату» деп аударылуы қажет, осы сөздің дәл осындай аудармасын біз жоғарыда аатап өткен Бектаев Қалдыбай еңбегінде, тағы да бірқатар ғалымдар осы «прекращение» деген сөзді «тоқтату» деп аударған. Тағы да осы Кодекстің 24-тарауы «Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату» деп аталады. 277-баптың 2-пунктінде жоғарыда аталған негіздер бойынша «іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады» деп жазылған. Осыған сәйкес 151-баптың 1-бөлімінің 2-пунктінің дұрыс мәтіні келесідей болуы қажет: «сол тараптардың арасындағы, нақ сол нысана туралы және нақ сол негіздер жөніндегі шығарылған дау бойынша, осы Кодексте көзделген негіздермен іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімі немесе сот үйғарымы болса».

Келесі қателікті біз АПК-ның «Алдын-ала сот отырыс» деп аталатын 172-бабыннан көре аламыз. Осы баптағы негізгі қателік 5-бөлімде орын алған, ол бөлімде келесідей жазылған «Егер жауапкер талап қою арызын бұрын белгіленген мерзімде ұсынбаса немесе пікірді талап қою арызының барлық талаптары мен негіздері бойынша ұсынбаса, сот талап қою арызына жазбаша пікір беру үшін мерзім белгілейді» орысша нұсқасында бұл бөлім «Суд устанавливает срок для представления письменного отзыва на исковое заявление, если ответчик его не представил к установленному ранее сроку или представил отзыв не по всем требованиям и основаниям искового заявления. По требованию суда отзыв представляется непосредственно в предварительном судебном заседании» деп аударылған. Бұл жердегі қателік қазақша аудармадағы «Егер жауапкер талап қою арызын бұрын белгіленген мерзімде ұсынбаса» деген жерде жасалған. Жалпы, ол жерде «талап қою арызы» емес «письменный отзыв на исковое заявление» болуы қажет, ал ол қазақ тіліне «талап қою арызына жазбаша пікір» деп аударылуы керек. Сондықтан осы баптың 5-бөлімінің дұрыс нұсқасы қазақ тілінде келесідей болуы тиіс: «Егер жауапкер талап қою арызына жазбаша пікірді бұрын белгіленген мерзімде ұсынбаса немесе пікірді талап қою арызының барлық талаптары мен негіздері бойынша ұсынбаса, сот талап қою арызына жазбаша пікір беру үшін мерзім белгілейді. Соттың талап етуі бойынша пікір тікелей алдын ала сот отырысына ұсынылады.» [7, 419 б.].

Жоғарыда аталған мысалдарды талдай отырып, заңдардың қазақша мәтіні орыс тілінен тікелей мағынада аударылған өнім ретінде қолданысқа ие болып жатырғаны келеңсіз жағдайларды қалыптастырып отыр деп айтуға болады. Конституция мәтінінде қолданылған терминдер заңдар мен заңға бағынышты актілерде бастапқы мағынасынан айрылып, орайы келген ыңғаймен қолданылып жүр. Жалпы, Конституция Негізгі Заң ғана емес, оның мәтініндегі заң терминдері Конституцияға тәуелді нормативтік құқықтық актілер үшін үлгі ретінде қолданылуы тиіс.

Бүгінгі күнге дейін бір мағынада түсініліп, бірізді қолданылатын қазақ тіліндегі заң терминдерінің қалыптаспауы ана тілінде дәріс алатын болашақ заңгерлер үшін мамандығын меңгеруіне кедергі келтіреді. Осы орайда болашақ заңгерлерге мемлекеттік тілде білім беру сапасын арттыру жолындағы бастапқы қадамды ресми құжаттардың, атап айтқанда, заңнамалық актілердіңтіліненбастағанжөндепсанаймыз. Сондықтан да заң терминдерінің бірыңғай үлгілерін қабылдап, онда латын тілінен енген терминдерді аудармай, сол қалпында қалдыру ұсынылады. Мемлекеттік тілдегі заңнамалық актілердің сапасын көтеру үшін заңгерлер мен тіл мамандарының бірнеше мағынаға ие терминдерді біріздендіру мақсатында бірігіп жұмыла жұмыс істеуі керек. Үкімет тарапынан заң жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдар заң шығару ісіне оның қыр-сырын, заң техникасын жетік меңгерген, белгілі заңгерлерді тартып, жеткілікті деңгейде күш пен қаржыны бөлуі керек.

Сонымен, жоғарыда қарастырылып өткен мысалдардың негізінде біз келесідей қорытындыларға келеміз.

Біріншіден, біздің мақаламызға арқау

болып отырған көкейтесті мәселе – мемлекеттік тілді заң шығару тілі ретінде қалыптастыру және қолдану. Біздің түпкі мақсатымыз – мемлекеттік тілде заң қабылдап, құжатты тікелей мемлекеттік тілде дайындауға қол жеткізу.

Екіншіден, ұлттық заңнамалардың қазақ тіліндегі мәтіндерінде заңдық терминдердің бір мағынада түсіндіріліп, бірізділікпен қолданылуына қол жеткізу үшін «Заңдық терминдердің біртекті аударма сөздігін» нормативтік құқықтық акт түрінде қабылдау қажет.

Үшіншіден, заң әдебиеттерінің мәтіндерінде заңамалық актілердің терминдерін дұрыс қолданбау, өз бетімен аудармалар жүргізу арқылы түсініспеушіліктерді туындатпау үшін біртектілікті сақтау қажет, заңнамалық актілердегі терминдерді ғана қолдануды міндеттеген жөн.

Төртіншіден, заң шығарушының ойын, яғни норманың мәнісін бұрмалауға жол бермес үшін заңнамалық актілердің мәтіндерін аударумен заңгер-аудармашылар ғана айналысуы тиіс деп санаймыз.

Мемлекет және құқық теориясында қалыптасқан ереже бойынша заң техникасының қажетті шарты болып терминологиялардың біртектілігі табылады. Бір ұғымды түсіндіру үшін бірнеше әртүрлі терминдерді қолдануға жол берілмеуі тиіс. «Заң шағырушының ойы «құқықтың тілінде» жеткізілуі тиіс» деген қанатты сөз бар. Сондықтан, мұндай маңызды мәселені шешу қазіргі қазақстандық қоғамда құқықтық мәдениетті көтеруге септігін тигізеді деп есептейміз.

Әдебиеттер

1. Ильясова Г.А. Заңдарды мемлекеттік тілге аудару сапасына қатысты өзекті мәселелер // http://www.zakon.kz/4622235-za1187dardy-memlekettk-tlge-audaru.html

2. Дулатбеков Н.О., Сыздық Б.К., Биебаева А.Ә. Қылмыстық заңнаманы мәтіндік сараптау тәжірибесі. Оқу құралы. – Қарағанды: «Болашақ Баспа» РББ, 2008. – 183 б.

3. Байкәрімова Н.А. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің екі тілдегі редакциясындағы сәйкессіздік проблемасы // Қазақстан Республикасы Заң шығарушы Институтының Жаршысы. – 27.07. 2012. -№ 2 (26) // http://adilet.minjust.kz

4. Сапаргалиев Г.С. Русско-казахский словарь юридических терминов и понятий // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30355569&page=5#pos=1;-154

5. Окушева Г.Т., Жанаділова З.М., Еркінбаева Л.Қ. Ағылшынша-орысша-қазақша заң терминдерінің сөздігі. - Алматы: Нұр-пресс, – 2006. – 106 б.

6. Бектаев К. Большой казахско-русский, русско-казахский словарь - Алматы, 1995. - 703 с.

7. Анарбек Д. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексінің мемлекеттік тілдегі мәтініндегі қателіктер туралы // Қазақстандық заңнаманы жетілдіру: теория және тәжірибе: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Халықарал. ғыл.-тәжір. конф. материалдары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. – Б. 416-419.

References

1. Ilyassova G.A. Topical issues on a translation of laws on a state language // http://www.zakon.kz/4622235-za1187dardy-memlekettk-tlge-audaru.html

2. Dulatbekov N.O, Syzdyk B.K., Biebayeva A.A. Practice of the text's examination in criminal law. Education guidance. – Karagandy: «Bolashak Baspa» EEB, 2008. – P. 183.

3. Baykarimova N.A. problem of discrepancy of the civil code in editions of two languages // Bulletin of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan. – 27.07. 2012. -№ 2 (26) // http://adilet.minjust.kz

4. Sapargaliyev G.S. Russian-kazakh dictionary of legal terms and concepts // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30355569&page=5#pos=1;-154

5. Okusheva G.T., Zhanadilova Z.M., Yerkinbayeva L.K. English-russian-kazakh dictionary of legal terminology. - Almaty: Nur-press, – 2006. – P. 106.

6. Bektayev K. Grand kazakh-russian, russian-kazakh dictionary. - Almaty, 1995. – P. 703.

7. Anarbek D. about mistakes in texts in a state language in the civil procedure code of the Republic of Kazakhstan// Development of the Kazakhstan legislation: theory and practice: materials of the international scientific and practical conference devoted to the 25th anniversary of the independence of the Republic of Kazakhstan — Karagandy: Edition of KSU, 2016. – P. 416-419.

ӘОЖ 81` 25:005.336.3

ЗАҢ ШЫҒАРУ САПАСЫ МӘСЕЛЕСІНЕ

Назым Наурызбайқызы Исақ
Қазақстан Республикасы Заңнама институты Лингвистика орталығының аударма секторының кіші ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail:n.isak@adilet.gov.kz

Түйін сөздер: *термин; терминология; аударма; ресми тіл; атқарушы орган; стиль; лингвистика.*

Аннотация: *Әр саланың өз құрылымы, даму үдерісі, жаңалығы болатыны белгілі. Филология ғылымының да, оның ішінде тіл саласының әрдайым белгілі бір проблемасы, айтар ойы, тың идеясы мен жаңашылдығы бар сала.*

Мақала ұлттық заңнама сапасына, мемлекеттік тілдегі нормативтік құқықтық актілердің әзірлену мәселесіне, термин қорының қалыптасуына арналған. Ұлттық заңнама терминдері деп заңнама саласында қолданылатын терминдер түсініледі. Осы міндеттерді іске асырудың бір бағыты ретінде заң шығару процесі ұлттық заңнаманы қалыптастырудың басты құралы болып табылады.

Аударма саласына ерекше көңіл бөліп, терминдер мен сөздерді бірізділікке келтіру мәселесі Тәуелсіздік алған жылдардан бастап қолға алынды. Ұлттық заңнама сапасы қазақ тілінің даму, өркендеу сапасымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясының 7-бабында: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады», – деп көрсетілген, яғни орыс және қазақ тілдеріндегі құжаттардың теңтүпнұсқалылығының сапасы қамтамасыз етілуге тиіс.

Мақалада заңнамадағы терминдердің қолданылуы, аударма мәселесі, қазақ және орыс тілдеріндегі заң мәтіндерінде заң техникасының ерекшеліктері, қазақ тілінде заңдар әзірлеудің алғышарттары баяндалған. Заң мен халықаралық шарт жобаларын әзірлеудегі терминдер мен сөздердің бірізділігі, әсіресе шет тілінен енген терминдердің дұрыс аударылу мәселелері де сөз болады. Заң және халықаралық шарт жобаларында кездесетін кемшіліктер мен олқылықтардың мысалдары көрсетілген.

К ВОПРОСУ КАЧЕСТВА ЗАКОНОТВОРЧЕСТВА

Исақ Назым Наурызбайқызы
Младший научный сотрудник сектора перевода Центра лингвистики Института законодательства Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: n.isak@adilet.gov.kz

Ключевые слова: *термин; терминология; перевод; официальный язык; исполнительный орган; стиль; лингвистика.*

Аннотация: *Любая отрасль имеет свою структуру, процесс развития, новизну. В филологии, в том числе и в языковой сфере, есть свои определенные проблемы, мысли, новые идеи и новеллы.*

Статья посвящена вопросам качества национального законодательства, разработки нормативных правовых актов на государственном языке, формированию терминологического запаса. Под терминами национального законодательства понимаются термины, применяемые в сфере законодательства. Законотворческий процесс, как одно из направлении реализации данных задач, является главным средством формирования национального законодательства.

С обретением Независимости уделяется пристальное внимание вопросам приведения в единообразие терминов и слов, при этом особо выделяя переводческую сферу.

Качество национального законодательства тесно связано с качеством развития, процветания казахского языка. В статье 7 Конституции Республики Казахстан от 30 августа 1995 года указано, что «в государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык», в связи с этим необходимо обеспечение качества аутентичности текстов документов на русском и казахском языках.

В статье уделяется внимание вопросам применения терминов в законодательстве, перевода, особенностям юридической техники в текстах законов на казахском и русском

языках, предпосылкам разработки законов на казахском языке. Также затронуты вопросы единообразия терминов и слов при разработке проектов законов и международных договоров, в особенности правильного перевода заимствованных терминов.

Также приведены примеры пробелов и ошибок, допускаемых при разработке проектов законов и международных договоров.

THE ISSUE OF LAWMAKING QUALITY

Issak Nazym
Junior researcher of the sector of translation of Linquistic center of the Leqislation Institute of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: n.isak@adilet.qov.kz

Keywords: *term; terminology; translate; official language; executive branch; style; linguistics.*

Abstract: *Any industry has its own structure, the development process, the novelty. If a philology science,especially the language industry is considered, there are alwaysnew ideas, statements as well as problems.*

The article is devoted to the quality, the development of normative legal acts in the state language, the formation of terminological stockof the national legislation. Under the terms of the national legislation refers to terms used in the legislation. As one of directions of the realization of these objectives the legislative process is the principal tool of a formation of the national legislation.

With independence, achieving the uniformity of terms and words was paid close attention, while highlighting the importance of translation.The quality of the national legislation is closely linked to the development and the quality of the prosperity of the Kazakh language. Article 7 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan dated August 30, 1995 states that «in state organizations and local self-government organizationsthe Russian languageis officially used on a par with the Kazakh language», thus marked by the question of authenticity of Russian and Kazakh languages.

The article focuses on the application of terms in the law, the translation problem, peculiarities of legal technique in the text of the law in the Kazakh and Russian languages, the prerequisite for the development of laws in the Kazakh language. The uniformity of terms and words on when drafting laws and international treaties, especially the correct translation of terms borrowed from foreign languages. Examples of gaps and errors in the law and international treatieswere also presented.

Егеменді ел болып, мемлекеттік тіл мәртебесінің өсуі – Тәуелсіздіктің айқын жемісі.

Қай кезеңде де жаңашылдықпен қатар өркениет те, мәдениет те, қоғамдағы үдерістер де қатар дамитыны белгілі. Соның ішінде сөйлеу және тіл мәдениеті де бар. Заманына қарай – адамы, сол заманмен қатар жүретін біз қай бағытқа бұрылуымыз керек? Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңар жоқ азамат болады. Сондықтан да тілді білу, дәріптеп құрметтеу Заңда да ерекше көрсетілген. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Қазақ тілі – көркем әрі бай ұлт тілі, мемлекеттік тіл, яғни, мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға; Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті[1].

Осы міндеттерді іске асырудың бір бағыты ретінде заң шығару процесі ұлттық заңнаманы қалыптастырудың басты құралы болып табылады.

Жалпы заң шығару процесі – заң жоба-

[1] *«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ. (20.01.2017)*

сын әзірлеу, енгізу, өңдеу, қабылдау бойынша кезек-кезек сатылардан тұратын күрделі процесс. Конституцияның[2] 7-бабында мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатындығы көрсетілгендіктен, заң жобалары осы екі тілде әзірленеді. Бүгінгі күні қазақ тіліндегі заң жобаларын әзірлеу орыс тіліндегі заң жобаларын аудару арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Бұл жұмысты мемлекеттік органдарда тіл мамандары мен аудармашылар жүргізеді.

Заңнама тілі мен терминологиясының дамуына өз үлесін қосып келе жатқан мықты практик маман Е. Сафуани: «Заң шығармашылығы мәдениеті заң мәтінінің қисынды, дәйекті баяндалуын, қалың көпшілікке ұғынықты, түсінікті әрі қарапайым болуын көздейді. Заңның логикасы, стилі, тілі – заң шығару техникасының элементтері, олардың негізгі арналымы заңнамада қамтылған нормативтік құқықтық ұйғарымдарды дұрыс түсінуді, құқықтық қатынастар субъектілерінің заңда баяндалған құқық нормаларының талаптарын дұрыс қабылдауды қамтамасыз етеді. Заң шығармашылығында стиль мен тілдің маңызына аса жауапкершілікпен қарау талап етіледі. Өйткені, қоғамдық практикада қате құрылған сөйлем, сөз тіркесі, ой мен оның мәтіндік баяндалуындағы алшақтық, қате немесе орынсыз қолданылған сөз заң шығару саласында өте ауыр, тіпті, қайғылы салдарға әкеп соғуы әбден мүмкін» [1, 83 б.] деп атап көрсетеді. Сондықтан, орыс тілінен заң жобаларын аудару да осы аталған мәселелерді ескере отырып, асығыс сөзбе-сөз аударуға жол бермей, тиянақты, сапалы, ұқыпты орындауды талап етеді, бұл өз кезегінде үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Лингвистика мен аударма мәселелері өте күрделі құбылыстардың бірі болып табылады. Аударма ең алдымен сөйлеу тілінің материалдарымен байланысты, сондықтан ол лингвистикалық заңдылықтарға бағынады. Өйткені аударма – лексикалық және грамматикалық тұрғыдан екі тілдің салыстырмалы көрінісі. Аударма - шығармашылық іс, рухани өнер [2, 5 б.].

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағында нормативтік құқықтық акті мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар бекітілген. «Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс»[3].

Аударма жасау барысында да осы талаптар ескерілуге тиіс. Аударма жекелеген сөздердің мағыналарына дейін ақпараттың толық жеткізілуін қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар, стильдік ерекшеліктері ескеріле отырып, заңнама тілінде көнерген сөздер, фразеологизмдер, сирек қолданыстағы сөздер, диалектер де қолданылмайды.

Қазіргі уақытта ғылыми лингвистикалық сараптамаға ұсынылатын құжаттардың ішінде сапасы сын көтермейтін заң және халықаралық шарт жобалары да кездеседі. Мысалы, Түркі академиясына қатысты хаттама жобасының өзінде тақырыбынан бастап, басқа да өрескел қателерге жол берілген. Атап айтқанда, «Протокол о шкале обязательных взносов государств-членов в бюджет Тюркской академии» деген тақырып: «Түркі академиясының бюджетіне мүше-мемлекеттердің міндетті жарналарының шәкілі туралы хаттама» деп аударылған, бұл ретте стильдік және пунктуациялық қателерге жол берілген (дұрыс нұсқасы: «Мүше мемлекеттердің Түркі академиясының бюджетіне міндетті жарналарының шәкілі туралы хаттама»). Осы хаттама жобасының күшіне енуі үшін қажетті абзацта «...после получения по дипломатическим каналам последнего письменного уведомления депозитарием...» деген сөздер «...депозитарийден дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынғаннан кейін...» деп дұрыс аударылмай, орфографиялық, грамматикалық қателер жіберілген, оның дұрыс нұсқасы: «дипломатиялық арналар арқылы депозитарий соңғы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін...». Сондай-ақ, орыс тіліндегі нұсқада «совершено в городе__ «__» года в единственном экземпляре на азербайджанском, казахском, кыргызском, турецком и английском языках, причем все тексты являются аутентичными. В случае расхождений толкований превалирует текст на английском языке» деп көрсетілген. Әзірлеуші осы сөйлемді «барлық мәтіндердің күші бірдей», «Келіспеушіліктер туындаған жағдайда,

[2] *1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» АҚЖ. (20.01.2017)*

[3] *«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ (20.01.2017)*

ағылшын тіліндегі мәтін қолданылатын болады» деп теңтүпнұсқалылықты сақтамай аударған, сонымен қатар артық сөздер қолданылып, кейбір сөздер қалып қойған.

Осындай грамматикалық, стилистикалық, мағыналық қателер заң және халықаралық шарт жобаларында жиі кездеседі.

Мұндай кемшіліктерді болдырмау үшін жобаларды әзірлеуші мамандар, аудармашылар, тіл және сала мамандары бірлесіп жұмыс істеуі, қолданыстағы заңнамаға талдау жасап, қолда бар нормативтік құқықтық актілердің деректер қорын пайдалануы, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған және соңғы жылдары қабылданған заң мен кодекстердегі терминдерді және сөздерді қолдануы қажет. Өйткені, қазақ тіліндегі жобалар заң техникасы бойынша заңгерді, кейбір терминдер мен ұғымдарды қолдануда сол сала мамандарын тарта отырып әзірленуге тиіс.

Мысалы, Жер кодексінің кейбір нормаларына қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасына лингвистикалық сараптама жүргізу барысында орыс және қазақ тіліндегі мәтіндерде бір-біріне сәйкес келмейтін сөйлемдер кездесті, атап айтқанда, өзгеріс енгізіліп отырған орыс тіліндегі 1-баптың бірінші абзацындағы сөйлем қазақ тіліндегі 1-баптың сегізінші абзацында берілген, бұл ретте заң жобасының қазақ тіліндегі мәтінінде енгізіліп отырған өзгеріс 1-баптың сегізінші абзацы ма әлде 1-баптың 4) тармақшасының екінші абзацы ма деген мәселе тағы туындайды, осындай жағдайда заңгердің араласуы қажет. Аударма жасау кезінде заң техникасынан хабары жоқ, НҚА деректер қорымен жұмыс жасамайтын аудармашы немесе тіл маманы осындай жобаларды сөзбе-сөз аударады, сондықтан да қазақ тілінде заң жобасын әзірлеу, яғни аудару процесіне міндетті түрде әзірлеуші маман, заңгер қатысуға тиіс.

Қолданыстағы заңнамада кейбір сөйлемдер мен сөздердің дұрыс аударылмауы себебінен құқықтық мағынасы өзгеріп кеткен нормалар да кездеседі. Мысалы, «Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының[4] 17-бабында орыс тіліндегі «контакты» деген сөз «келісімшарттар» деп қате қолданылған (дұрысы «байланыстар»). Сондай-ақ «Тауар биржалары туралы» Заңның[5] 15-1-бабының 3-тармағының 1) тармақшасында «общедоступная информация» деген термин «жалпыға белгілі ақпарат» деп дұрыс аударылмаған, яғни дұрыс нұсқасы «жалпыға қолжетімді». Осы Заңның 13-бабының 2-тармағының 2) тармақшасында және 16-бабының 1) тармақшасында «спот-товар» деген термин «спорт-тауар» деп аударылып, өрескел орфографиялық қате жіберілген. Бұл ретте «спот» деген сөз мәміле бойынша дереу төлем жүргізу кезіндегі есеп айырысу шарттарын білдіретін экономикалық термин болып табылады, яғни оның «спорт» деген сөзге ешқандай қатысы жоқ. Осы термин Заңның ұғымдық аппаратында дұрыс қолданылған.

Терминдер мен сөздердің бірізді қолданылуы заңдылық қағидаты мен нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етудің, жалпы ұлттық заңнама сапасын арттыру тәсілдерінің бірі болып табылады. Қолданыстағы заңнамада бірізділікті қажет ететін терминдер, сөздер мен тіркестер көп кездеседі.

Мәселен, «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңында[6] 9-баптың 3) тармақшасында және осы Заңда «осмотр» деген сөз 8-баптың 1) тармақшасында және 13-баптың 5-тармағында «қарап-тексеру» деп, ал 9-баптың 3) тармақшасында «тексеру» деп әртүрлі қолданылған. Ал 2014 жылы қабылданған қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде осы термин «қарап-тексеру» деп алынған.

Сондай-ақ осы Заңда «обеззараживание» деген сөз 1-бапта ұғымдық аппаратта екі түрлі берілген: 11) тармақшасында «зарарсыздандыру», ал 18) тармақшасында «залалсыздандыру», сондай-ақ 13 және 18-баптарында «зарарсыздандыру» деп жазылған. Соңғы жылдары қабылданған заңдардың нормаларында «залалсыздандыру» деген сөз «обезвреживание» деген сөздің аудармасы ретінде қолданылып жүр, ал «обеззараживание» деген термин «зарарсыздандыру» деп берілуге тиіс деп пайымдаймыз.

Қолданыстағы заңнамада сонымен қатар бірізділікке келтіруді қажет ететін «принципы», «правила», «законодательство», «законодательные акты» деген сөздер мен сөз тіркестері жиі кездеседі.

Осы ретте атап өтетін жайт, заң

[4] *«Экспорттық бақылау туралы» 2007 жылғы 21 шілдегі Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ*

[5] *«Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ*

[6] *«Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ*

мәтіндерінде осы сөздерді қолдануда бірізділіктің сақталмауы қазіргі уақытта заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде осы сөздер кездескен баптарда олар өзгертіліп, ал өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделмеген баптарда өзгертусіз қалып қоятындығымен түсіндіріледі. Осыған орай, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларында бүкіл мәтін бойынша осы сөздер мен терминдерді бірізділікке келтіру қажеттігін ескеру қажет.

Заң мәтіндерінде теңтүпнұсқалылықтың сақталмауы да орын алған. Мысалы, жоғарыда аталған «Экспорттық бақылау туралы» Заңның 5 және 16-баптарында бірқатар сәйкессіздік анықталды:

16-баптың 4-тармағында «...уполномоченного органа и государственных органов Республики Казахстан системы экспортного контроля» деген сөз тіркесі қазақ тілінде: «Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің уәкілетті органы мен мемлекеттік органдарының...» деп, ал 5-бапта «уәкілетті органның және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарының» деп екі түрлі берілген, ұғымдық аппаратқа сәйкес «уполномоченный орган» және «государственные органы Республики Казахстан системы экспортного контроля» өз алдына дербес ұғымдар болғандықтан, осы сөздер 5-тармақта дұрыс қолданылған.

Осы Заңның 11-бабында: «Для обеспечения выполнения установленных настоящим Законом и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан правил экспортного контроля при осуществлении внешнеэкономической деятельности в отношении продукции, которая может быть использована при создании оружия массового поражения, средств доставки и иных видов вооружения и военной техники, предотвращения правонарушений в указанной сфере участниками внешнеэкономической деятельности (заявителями) создаются внутрифирменные системы экспортного контроля» деген норма:

«Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген экспорттық бақылау ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін жаппай қырып-жоятын қаруды, жеткізу құралдарын және қару-жарақ пен әскери техниканың өзге де түрлерін жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін өнімге қатысты сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде экспорттық бақылау ережелерін орындауды қамтамасыз ету, аталған салада құқық бұзушылықты болғызбау үшін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар (мәлімдеушілер) фирмаішілік экспорттық бақылау жүйелерін құрады» деп қолданылған. Алайда оның дұрыс аудармасы: «Жаппай қырып-жою қаруын, жеткізу құралдарын және қару-жарақ пен әскери техниканың өзге де түрлерін жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін өнімге қатысты сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген экспорттық бақылау қағидаларының орындалуын қамтамасыз ету, аталған салада құқық бұзушылықты болғызбау үшін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар (мәлімдеушілер) фирмаішілік экспорттық бақылау жүйелерін құрады» деп қолданылуға тиіс, яғни, аударма барысында теңтүпнұсқалылық пен сөздердің орын тәртібі сақталмаған.

Заңдарды әзірлеу барысында артық сөздердің қолданылуы да орын алатын жайт. Мысалы, жоғарыда аталған экспорттық бақылау туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында «вне территории Республики Казахстан» деген сөз тіркесі «Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерде» деп аударылған, яғни, «кеден» деген сөз артық қолданылған. Осыған ұқсас олқылық осы Заңның 10-бабының 2-тармағында да кездеседі: «уполномоченного органа» деген термин «уәкілетті мемлекеттік органның» деп берілген, бұл ретте «мемлекеттік» деген сөз артық қолданылған.

Халықаралық терминдердің ұлттық заңнамада қолданылуы - қазіргі терминология саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта термин жөніндегі дұрыс түсініктің болмауы, терминологиялық сөздіктер және олардың қолданылуындағы кемшіліктер, термин жасау тәсілдері мен әдістерінен сала мамандарының хабары болмауы сияқты проблемалар бар.

Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында «қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек» деп атап көрсете отырып, қазақ тілін жаңғырту, терминология және қалыптасқан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселелерін шешу қажеттігі туралы тапсырма берген болатын.

Бұл ретте шет тілдерінен енген кейбір жекелеген терминдердің мағынасына нақты баламалық ұғым беру арқылы олардың қазақ тілінде дәл нұсқалары табылғанын айта кету қажет. Мәселен, «ставка» деген

сөз «мөлшерлеме» деп, «процент - пайыз», «аффилиированный - үлестес», «календарь - күнтізбе», «реестр - тізілім», «шкала - шәкіл», «компетенция - құзырет», «иерархия - саты», «легализация - заңдастыру, жария ету», «либерализация - ырықтандыру», «арбитраж - төрелік» деп ұлттық заңнамада өз орнын тауып, кеңінен қолданылып жүр.

Сонымен қатар, кейбір халықаралық терминдер, атаулар заңнама қорына еніп, орнығып кеткенін да жоққа шығаруға болмайды. Мысал ретінде: «адвокат», «нотариус», «процесс», «интернет», «алимент», «инновация», «инвестиция», «рейтинг», «аккредитив», «веб-портал», «кластер» және т.б. сөздерді келтіруге болады.

Сондай-ақ шет тілдерінен енген «консервация», «идентификация», «аттестация», «сертификация», «аккредитация» сияқты халықаралық терминдерді қазақ тілінің транскрипциясына сәйкес бейімдеп қолдану қажеттігін атап өтеміз, яғни, «консерваттау», «идентификаттау», «аттестаттау», «сертификаттау», «аккредиттеу» деп қолдану қажет, яғни сөзжасам заңдылығына сәйкес жұрнақтар шет тіліндегі түбір сөзге жалғануға тиіс. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу барысында осындай жағдайларға аса назар аудару керек.

Осы ретте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ұлытауда берген сұхбатындағы: «Тілді байыту керек! Оған халықаралық ұғымдарды енгізсек, тіліміз дамиды» деген сөздерінің жүзеге асып жатқанын атап өту қажет.

Осымен бірге, заңнамада шет тілінен қазақ тіліне аударылған сөздердің ішінде орынсыз, дұрыс қолданылмай жүрген сөздер де бар. Мысалы, «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының[7] 1-бабының 42) тармақшасында «демонтаж» деген сөз «бөлшектеу» деп аударылған, бірақ «бөлшектеу» ұғымы «демонтаж» сөзінің мағынасын толық ашып көрсетпейді. Сол сияқты «идентификация» деген сөз осыған дейін «сәйкестендіру» деп қолданылып жүрген болатын. Қазіргі уақытта бұл сөз «идентификация» терминінің толық мағынасын ашып көрсетпейтіндіктен, оның «идентификаттау» деген екінші баламасын да Терминология комиссиясы мақұлдады.

Әрине, тіл жандық құбылыс болғандықтан, оның заман талабына сай жаңғырып отыруы заңды. Дегенмен, терминдерді жаңғырту ізденіспен, талғаммен қарауды талап етеді.

Осыған орай, қазіргі уақытта кез келген мемлекеттік органның басшылары заңнамалық актілер жобаларының және ресми құжаттардың қазақ тіліндегі мәтіндерінің сапалы әзірленуіне айрықша назар аудара отырып, мемлекеттік тілге барынша қолдау көрсетуде..

Заң жобаларын қазақ тілінде әзірлеудің алғышарттарының бірі ретінде заң әзірлеу процесінің барысында жұмыс топтарының, ведомствоаралық комиссиялардың отырыстарында, құқықтық, ғылыми, заң сараптамаларын жүргізу кезінде заң жобаларын екі тілде бірдей талқылап, пысықтауды орынды деп пайымдаймыз.

Әдебиет

1. Сафуани Е. Термин – заңнамалық актілердің негізі // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. 2014. № 4 (36). 83-86-б.

2. Алдашева А., Ахметжанова З. Ресми іс қағаздары. – Алматы, 2000. 216 б.

References

1. Safuani E. Termin – zaңnamalyқ aktilerdің negizi // Қazaқstan Respublikasy Zaңnama institutynyң zharshysy. 2014. № 4 (36). 83-86-b.

2. Aldasheva A., Ahmetzhanova Z. Resmi is қaғazdary. – Almaty, 2000. 216 b.

[7] *«Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ*

УДК 343.161.1

ON THE ISSUE OF EXTENSION OF JURISDICTION OF THE COURT WITH THE PARTICIPATION OF JURORS

Akhmejanov Farukh Raushanuly
Junior research fellow, Department of Criminal, Criminal Procedure, Criminal Executive Legislation and Judicial Expertise, Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan; Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: f.akhmedzhanov@adilet.gov.kz

Birzhanova Dina Mukhtarkyzy
1st year graduate student, Department of Political Science and International Relations, School of Humanities and Social Sciences, Nazarbayev University; Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: dina.birzhanova@nu.edu.kz

Keywords: *jurisdiction; jurors; category of criminal cases; criminal procedure legislation; sentence; inner conviction; impartiality, mixed model.*

Abstract. *The article contains the analysis of the legislation of the Republic of Kazakhstan, regulating the participation of jurors in consideration of criminal cases, as well as law enforcement practice in this field. The authors identified current trends related to changes in the jurisdiction of the court with the participation of jurors. In Kazakhstan the institution of the trial by jury was established with the adoption of the Law of the Republic of Kazakhstan "On Jurors" dated January 16, 2006, No. 121. As was argued by N. Shaykenov, it is impossible to build an efficient economy without the elevation of law and the court. In this regard, after the Republic of Kazakhstan declared its independence, certain reforms in the legislation were designated. There have been adopted dozens of new laws, in varying degrees aimed at improving the administration of justice.*

At the present time it can be stated that the level of applicability of this institution is relatively low. This fact is associated with the existing problematic issues both in terms of the objectivity of the jurors themselves, and in terms of limiting the possibility of taking an impartial decision by jurors under conditions of lack of procedural independence.

Concerning the need to expand the sphere of application of the jury trial in Kazakhstan pursuant to step 21 of the Nation Plan – 100 concrete steps, it is proposed to base on clear juridical criteria in determining the category of cases to be considered by jury trials. The article suggests that the frequent changes in the list of constituent elements of crime are not conducive to the stable development of the institution of trial by jury as a whole.

On the basis of conducted analysis there were identified some legislative provisions that require alterations and additions. In particular this concerns certain provisions of the Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan dated July 4, 2014, as well as the previously mentioned Law "On Jurors".

In addition, the authors raise questions about the conceptual review of the model of the court procedure with the participation of jurors. In this sense, it is necessary to study the existing classical model of jury trial in foreign countries.

АЛҚАБИЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨТЕТІН СОТТЫҢ СОТТЫЛЫҒЫН КЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ

Фарух Раушанұлы Ахмеджанов
Қазақстан Республикасы Заңнама институтының қылмыстық, қылмыстық іс-жүргізу, қылмыстық атқару және сот сапартамасы бөлімінің кіші ғылыми қызметкері; Қазақстан Республикасы, Астана қ., e-mail: f.akhmedzhanov@adilet.gov.kz

Дина Мұхтарқызы Біржанова
Назарбаев университеті Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебінің «Саясаттану және халықаралық қатынастар» мамандығының 1-курс магистранты; Қазақстан Республикасы, Астана қ., e-mail: dina.birzhanova@nu.edu.kz

Түйін сөздер: *соттылық; алқабилер алқасы; қылмыстық істердің категориялары; қылмыстық іс-жүргізушілік заңнама; үкім; ішкі сенім; бейтараптылық; аралас үлгі.*

Аннотация. *Мақалада қылмыстық істерді қарауға және осы саладағы*

құқыққолданушылық тәжірибелерге алқабилер алқасының қатысуын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы талданған. Алқабилер алқасы қатысатын сот соттылығының өзгеруімен байланысты өзекті үрдістерді анықтау. Қазақстанда алқабилер институты 2006 жылы 16 қаңтарда «Алқабилер туралы» ҚР №121 заңының қабылдануы арқылы құрылды. Н.Шайкеновтың айтуынша, құқық пен сотты көтермелеусіз тиімді экономиканы құру мүмкін емес. Осыған орай ҚР-ның Тәуелсіздік алуымен аталған реформалар заңнамада көрініс тапты. Әділ сотты жүзеге асыруды жетілдіруге бағытталған ондаған жаңа заңдар қабылданды.

Қазіргі таңда аталған институттың тәжірибеде айтарлықтай төмен деңгейде қолданылуда. Аталған мән-жай алқабилердің өздерінің объективтілігіне қатысты мәселелермен де, сонымен бірге алқабилердің процессуалдық дербессіздік жағдайында бейтарап шешім қабылдау мүмкіндігін шектеумен де байланысты.

Қазақстанда алқабилер сотын қолдану аясын кеңейту қажеттілігіне қатысты Ұлт жоспарының 100 қадамының 21-қадамын орындау үшін алқабилер сотының қарауына жататын істердің категорияларын анықтау кезінде түсінікті заңи критерийлерге негізделу ұсынылады. Алқабилер сотының соттылығы жиі өзгеріп отыруы жалпы алқабилер соты институтының тұрақты дамуына септігін тигізбейді деген көзқарас аталып өтеді.

Мақалада жүргізілген талдау негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап ететін заңнаманың кейбір ережелері анықталды. Жекеше тоқталар болсақ, олар: ҚР 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексінің және жоғарыда аталған «Алқабилер туралы» ҚР заңының бірнеше нормалары.

Одан бөлек, авторлар алқабилердің қатысуымен өтетін сот өндірісінің үлгісін тұжырымдамалық қайта қарау мәселелеріне де тоқталып өткен. Бұл орайда, шет елдерде қолданылатын алқабилер сотының классикалық үлгісін зерттеу қажет.

К ВОПРОСУ О РАСШИРЕНИИ ПОДСУДНОСТИ СУДА С УЧАСТИЕМ ПРИСЯЖНЫХ ЗАСЕДАТЕЛЕЙ

Ахмеджанов Фарух Раушанулы
Младший научный сотрудник отдела уголовного, уголовно-процессуального, уголовно-исполнительного законодательства и судебной экспертизы Института законодательства Республики Казахстан; Республика Казахстан, г. Астана, e-mail: f.akhmedzhanov@adilet.gov.kz

Биржанова Дина Мухтаркызы
Магистрант 1 курса специальности «Политология и международные отношения» Школы гуманитарных и социальных наук Назарбаев университета; Республика Казахстан, г. Астана, e-mail: dina.birzhanova@nu.edu.kz

Ключевые слова: *подсудность; присяжные заседатели; категория уголовных дел; уголовно-процессуальное законодательство; приговор; внутреннее убеждение; беспристрастность; смешанная модель.*

Аннотация. *Статья содержит анализ законодательства Республики Казахстан, регламентирующего участие присяжных заседателей в рассмотрении уголовных дел, а также правоприменительной практики в данной области. Выявлены актуальные тенденции, связанные с изменением подсудности суда с участием присяжных. Институт присяжных в Казахстане был создан принятием Закона РК «О присяжных заседателях» от 16 января 2006 года №121. Как утверждал Н. Шайкенов, без возвышения права и суда невозможно построение эффективной экономики. В этой связи с обретением Независимости РК были обозначены указанные реформы в законодательстве. Были приняты десятки новых законов, в той или иной степени направленных на совершенствование отправления правосудия.*

На данный момент можно констатировать достаточно низкий уровень применяемости данного института. Данное обстоятельство связывается с имеющимися проблемными вопросами как в части объективности самих присяжных, так и в части ограничения возможности принятия присяжными беспристрастного решения в условиях процессуальной несамостоятельности.

В части необходимости расширения области применения суда присяжных заседателей в Казахстане во исполнение 21 шага Плана нации – 100 конкретных шагов предлагается основываться на понятных юридических критериях при определении категории дел, подсудных судам присяжных. Высказывается позиция о том, что частое изменение перечня подсудных составов не способствует стабильному развитию института присяжных в целом.

